

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шашпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

10/2017 ҚАЗАН

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразақынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұрселді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Педагог пайымы

| | | |
|-----------------------|--|----|
| З.МАМБЕТОВА. | Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатындағы бағалаудың маңыздылығы..... | 3 |
| Р.ЖҮНДІБАЕВА. | Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер | 12 |
| М.ТЕМІРЖАНОВА. | Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі..... | 27 |
| А.ҚҰМАШБАЕВА. | Ерғазы Манапұлы поэзиясындағы махаббат лирикасының көркемдік ерекшелігі..... | 38 |

Жас ғалымдар отауы

| | | |
|----------------------|--|----|
| А.ТОЙБАЙ. | Қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік, мәңгілік ел тақырыбы..... | 52 |
| А.ДУАНБЕКОВА. | Екінші тілді игеруде кездесетін қателердің сипаты..... | 60 |

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

| | | |
|------------------------|--|----|
| Э.САҒЫНДЫҚОВА. | Т.Әбдіков. «Қонақтар» әңгімесі..... | 66 |
| Ж.СЕНҒЕРБЕКОВА. | А.Құнанбайұлы. ««Ғылым таппай мақтанба»..... | 71 |
| Ф.ӘБДІРОВА. | «Қобыланды батыр» жыры..... | 75 |
| М.МҮСЛІМ. | Ш.Айтматов. «Найман-Ана» романынан үзінді..... | 78 |
| Ш.КАКЕНОВА. | С.Торайғыров. «Таныстыру» поэмасы..... | 84 |
| Н.ЕРБОЛОВА. | «Ер Төстік» ертегісі..... | 88 |
| Б.ЖАРКЕНОВА. | Ш.Құдайбердіұлы. «Қалқаман-Мамыр» поэмасы..... | 90 |

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

| | | |
|-----------------------|--|-----|
| Б.ҚҰЛАНБАЕВА. | Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем..... | 96 |
| А.ДОСЖАНОВА. | Қосарлану жолымен жасалған туынды сөздер..... | 100 |
| Ж.БИГЕЛДИНОВА. | Дауысты дыбыстар..... | 105 |

Коучинг

| | | |
|-----------------------|--|-----|
| А.ТҮҢҒАТАРОВА. | Тәлімгер мен тәліп арасындағы қатынас..... | 111 |
|-----------------------|--|-----|

Рухани жаңғыру

| | | |
|--------------------|-----------------------------|-----|
| Н.ЕСЕНҒАЗЫ. | Құлжабай би Бекқұлыұлы..... | 114 |
|--------------------|-----------------------------|-----|

Қазақ хандығына-550 жыл

| | | |
|---------------------|--|-----|
| Б.ҚИНАЯТОВА. | Еркін елдің батырлары - Керей мен Жәнібек..... | 118 |
|---------------------|--|-----|

Асылды тот баспас

| | | |
|------------------------|------------------------|-----|
| Н.БЕРДІҒАЛИЕВА. | Әр өлеңі бір әлем..... | 124 |
|------------------------|------------------------|-----|

Білім сынағында

| | | |
|---------------------|--|-----|
| А.ҮМІТБАЕВА. | «Абай жолы» роман-эпопеясының «Қат-қабатта» тарауы бойынша тест сұрақтары..... | 140 |
|---------------------|--|-----|

З.МАМБЕТОВА,
№32 жалпы орта мектеп,
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

ОҚУШЫНЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бүгінгі мемлекет алдындағы басты міндет – білім беру жүйесін жаңарту болып отыр. Қазіргі білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Әрине, маманның сапасы мұғалімнің біліктілігін арттыруына тікелей байланысты. Өйткені қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сындалы оқыту

технологиясына негізделген бағдарламаның мақсаты өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, талпынатын, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын болумен қатар, қалай оқу керектігін білетін, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Осы бағдарламаны меңгере отырып, біз оқушының жан-жақты дамуы мен білім алуына себепші боламыз. Егер алдымыздағы оқушыға уақытында ізгі бағасын беріп, оқудың маңызын түсіндіріп, оны дұрыс жолға бағыттай білсек, ол оқушының өмірде адаспасы сөзсіз.

Бұған дейін бағалауды біз «баға қою» деп қабылдап, оны сабақтың соңында міндетті түрде жүзеге асыратын әрекет деп түсінетінбіз. Сонымен қатар оқушының

түсіну деңгейін бағалауды тек мұғалім міндеті ретінде қарап, объективті түрде өз құзырлығымызбен бағалап жүрдік. Бағдарламаның жеті модулінің бірі «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулінің негізгі ойларымен таныса келе, өзімнің бағалау туралы көзқарасым мен түсінігімнің өзгергенін байқадым. Бағалау - одан әрі қалай оқу керектігін бағдарлауға және оқушының түсіну деңгейін анықтауға бағытталған әрекет. Оқушыларды негізінен суммативті бағалап, одан әрі оқушылардың өздерін жетілдіруге еш мүмкіндік қалдырмайтынбыз. Яғни, тек оқуды бағалап жүрдік. Модульдің мазмұнын оқи отырып, біз бағалаудың екі түрі болатындығын (формативті және суммативті) біліп және олардың арасындағы айырмашылықты да түсіндік.

Формативті бағалау оқушылардың қай кезеңде, қай бағытта екенін анықтау және одан да зор жетістікке қалай жету керектігін

жоспарлау үшін қолданылады.

Суммативті оқыту, керісінше, оқушылардың осы кезеңге дейін оқығанын қосып бағалау.

Бағалау не үшін қажет десек, бағалау-оқыту мен оқудағы қиындықтарды айқындауға, білу, түсіну деңгейлерін анықтауға және дамуы мен мінез-құлқын межелеуге, соған қарай оқушыларды ынталандырып отыруға, мемлекет тарапынан бекітіліп берілген оқу стандартын орындауға керек оқытудың басты құралының бірі.

Сабақтарымда формативті бағалаудың келесі түрін қолданамын:

- Өзін-өзі бағалау;
- Жұпта бір-бірін бағалау;
- Топта бір-бірін бағалау.

Формативті бағалау кезінде оқушылар өздерінің білімінің қай деңгейде екенін, даму үшін қай бағытта еңбектену қажеттігін және керек нәтижеге қол жеткізу үшін не істеу

керектігін анықтай алады. Мұғалімі мен сыныптастарының қолдауын сезіне отырып, өзінің қойған мақсатына қол жеткізуге талпынады. Формативті бағалаудың өзіндік тағы бір ерекшелігі бағалауды тек мұғалім іске асырмайды, оқушы өз білімінің қай деңгейде екендігін өзі бағалай отырып, сыныптастары тарапынан да бағалау алады. Оқушылар өз білімдерін жетілдіру мақсатында оқыту үшін бағалаудың мәні мен мазмұнын білуі қажет. Мұғаліммен кері байланыс жасау арқылы немесе байланысқа түсе отырып, білім алушылар өзін-өзі, өзара бағалауды үйренуге мүмкіндігі арта түседі. Шығармашылықпен жұмыстана алатын ұстаз сонымен қатар критериалды бағалаудың оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі ретінде енгізе алады. Мәселен, бұрын оқушыларға тапсырманы беріп, оны тексеріп бағалау кезінде қиндықтарға тап болатынбыз. Критериалды бағалаудың

өзіндік ерекшелігін ұғына бастағаннан кейін, сабақ барысында орындалатын тапсырмаға ұстаным дайындау арқылы біз оқушыдан нақты нені талап ету керектігін, оқушы нені білу керектігін анықтап, белгілеп аламыз. Бұрын оқушылар жақсы бағаға жету үшін нақты не істеу керектігін білмей қиналса, енді ұстаным-алға қойылған мақсатқа қол жеткізудің бір жолы екенін ұғына бастады. Белгілі бір өлшемдер мен ұстанымдарға бағына отырып жұмыс жасау, оқу арқылы оқушылар өз-өздерін жинақтауға, реттеуге, жүйелі түрде білім алуға, оқуын жақсы деңгейге көтеруге тырысады.

Егер оқушыларға өз ойларын еркін білдіруге, бірін-бірі бағалауға, жақсы жақтары мен жетілдіру тұстарын айтуға мүмкіндік беретін болсақ, оқушыларымыздың өзіндік ой-пікірлері қалыптасып, бір-бірінен үйреніп, үлгерімін жақсарту үшін тырысады. Сонымен бірге бағалау үшін

көрнекі құралдарды (жұлдыз, стикерлерді смайлик, жапсырма суреттер, т.б.) көбірек қолданатын болсақ, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артып, сабаққа жауапкершілікпен қарайды. Сабақтың әр бөлімінде оқушыларға *жарайсың, қолыңнан келеді* деген сөздер айта отырсақ оқушылардың бойында сенімділік оянады. Джон Хэттидің пайымдауынша «Жетістіктерді ұлғайтатын анағұрлым пәрменді құрал кері байланыс болып табылады, ол сонымен қатар білім беру сапасын арттырудың ең қарапайым жолы» екендігін атап кеткен. Хэттидің пікірін ескере отырып және де оның зерттеуіндегі кері байланыс оқушыға ең жоғары әсер ету мөлшері болғандықтан мен тәжірибемде бағалаудың «Блоб ағашы», «Білімнің биік шыңы» түрлерін пайдаланамын.

Оқушылардың тақырыпты қаншалықты игеріп, меңгергенін анықтау үшін, жалпы

сабақта не біліп, үйренгенін, қандай қиындыққа тап болғанын білу үшін бес саусақ, «3, 2, 1» рефлексиялық өзін-өзі бағалау парақтарын пайдалануға болады. Бұдан біздің жетер жетістігіміз оқушылар өзін-өзі дамыта отырып, өз білімін жетілдіріп, қабілетті тұлғаға айналып, сабақ бойынша өздерінің білімін бағалауы.

Оқушының оқу жетістіктерін жақсарту мақсатында сабақтарда маршруттық картаны, кеңейтілген тапсырманың 12 түрін пайдаланған жөн деп ойлаймын. Себебі, маршруттық картада оқушылардың өзін-өзі реттей, бағалай, бағыттала отырып жұмыстануы үшін бағалау өлшемдері қоса беріледі. Маршруттық картаның тапсырмалары үш деңгейлі болды. Өлшемдерге сүйене отырып жұмыстану барысында, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтар саны да аз болды. Тапсырманы орындаған оқушы жақсы бағаға ие

болатынын біледі, уақытын үнемдеп, шапшаң, талпынып жұмыстанып жатқанын да байқауға болады. Маршруттық картаны беру арқылы оқушылардың өзі-өзі реттей алу деңгейлерін байқап, оларды өз бетімен жұмыстануға, өздерін бағалауға, кездескен кедергілер мен қиындықтарды анықтауға бағыттай аламыз.

Ойымды қорытындылар болсам, бағалау-баға қою емес, оның оқушы дамуындағы атқарар рөлінің зор екендігін білуіміз.

Баға-оқыту үдерісіндегі қозғаушы күш. Сыни тұрғыдан алып қарасақ, оқушылар өздерінің білімінің толығына көмектеседі, пәнге деген қызығушылығы артады, осыған қарап біз өзіміздің жұмысымыздың нәтижесін көреміз. Білім берудегі басты қозғаушы күш екенімізді естен шығармауымыз керек.

Р.ЖҮНДІБАЕВА,
Шәкәрім атындағы үш тілде
оқытатын көпбейінді гимназия.
Шығыс Қазақстан облысы,
Семей қаласы

**БАСТАУЫШ СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ
САУАТТЫЛЫҒЫН
АРТТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050»
Стратегиясында: «Балаларымыздың,
жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың
функционалдық сауаттылығына зор көңіл
бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға
бейімделген болу үшін бұл аса маңызды»
деп атап көрсетті.

«Функционалдық сауаттылық» белгілі бір
кезеңге сай адамның алған білімі мен білігі
негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген
мағынаны білдіреді. Сауаттылық деген
ұғымды таратып айтар болсақ, адамдардың
(жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси

және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни, бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Бұл жаңа ғана өмірге бейімделіп келе жатқан жас бүлдіршіндердің қалыптасуы, өмірге, мектеп өміріне бейімделіп кетуі. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: оқушының белсенділігі, шығармашылығы, ойлауы, шешім қабылдай алуы, қабілеттілігі, т.б.

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау міндеті қойылды.

Бұл міндетте мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі:

2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспардың мақсат, міндеті нақтыланып жасалды.

Ұлттық жоспарда мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жоспар жасалды.

Ұлттық жоспардың мақсаты - Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау. Ол үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық тәжірибесін зерделеу.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау.

Білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамасыз ету: стандарттар, оқу жоспарлары мен бағдарламалар.

Білім беру үдерісін оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етуді әзірлеу.

Мектеп оқушыларының білім сапасын

бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.

Мектептің және қосымша білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту.

Ұлттық жоспардың мақсатын орындау – ең алғаш мектептегі бастауыш сатыдан басталады.

Бастауыш саты – оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ

Білім берудің негізгі бағыттарына қойылатын негізгі талаптардың ішіндегі аса күрделісі – алты жастағы балаларды сауаттандыру мәселесі. Өйткені мектеп есігін алғаш ашқан баланы оқытудың өзіндік қиындықтары бар. Ол қиындықтар балалардың физиологиялық-психологиялық өзгешеліктеріне байланысты. Себебі сауат ашу жұмысы оқушылардан оқуға, ой еңбегіне

кажет белгілі бір қабілет бейімділігін талап етеді.

Сауат ашу кезінде оқу мен жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста болады. Жақсы оқи алатын бала таза да сауатты жаза біледі, ал жазуды жақсы меңгерген оқушы оқуды жеңіл меңгереді. Бір сабақтың өзінде оқу қызметі мен жазу жұмысы бірін-бірі алмастырып және бірін меңгеруге екіншісінің көмегі тиіп отырады.

Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғы шарты бастауышта қаланады. Бірінші сыныптан бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы, дұрыс айтылуы қадағаланады. Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы – бастауыш сынып мұғалімінің маңдай терінің жемісі.

Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес білім-білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-

қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Әр оқушының өзіндік ерекшелігі ескеріліп, зерттегеннен кейін, білім деңгейіне сай тапсырма берілу керек. Функционалдық сауаттылықты дамытудың басты бір шарты - деңгейлік тапсырмалар. Деңгейлік тапсырмаларды орындау кезінде оқушылар түрлі қиындықтарға кездесіп, жанындағы достарына көмектерін беріп, түсіндіреді.

Мен өз сыныбымда сауат ашу кезеңінде оқушылардың тілдік деңгейін анықтап аламын. Соған байланысты оқулықта берілген суреттер арқылы және арнайы әзірленген сюжетті суреттермен тіл дамыту жұмыстарын жүргіземін. Қате оқу мен жазудың себептерін анықтаймын.

Әр оқушының осал тұсын ерекше назарда ұстап, сабақ барысында деңгейлік тапсырмалар беремін. Осы жұмыстар арқылы олардың шығармашылық қабілеттері артып, сабаққа белсенді түрде қатысудың жоғары

деңгейіне көтерілетініне көзім жетіп келеді.

Шығармашылық бірінші мезетте жазумен байланысты, сол себепті кез келген сабақ жазумен аяқталғаны дұрыс. Жазуда оқушы өзінің түсінігін, пайымдауын, білімін, ішкі жан-дүниесін көрсетеді. Мысалы: сабақта «Жұппен ойлау» тапсырмасын орындау барысында олардың тақырып туралы ойлауға, ойларын жазуға және жұптарымен талқылауға мүмкіндік алады. Оқушылар оқуға белсенді түрде қатысқан кезде және ол үшін жауапкершілік алғанда, олар көп жана идеялар мен ақпараттарды ұғынады. Оқушыларға мәтінді анықтауға және түсініктерін сақтауға көмектеседі, сондай-ақ оқушыларға бір топтағылардың ойларынан үйренуге және мәтінді неғұрлым терең немесе ерекше түсінуіне және түсіндіруді дамытуға мүмкіндік береді.

Жазу-үйренгендіктің дәлелі мен ойлаудың ең жоғары түрі. Жазу өте қиын, сөйлегеннен гөрі жазғанда миымыздың едәуір бөлігі жұмысқа белсене араласып,

миымыз дами түседі. Бұндай жұмыстар оқу мен жазудағы сауаттылықты дамыта түседі. С.Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңін өткенде, «Кім боламын?» тақырыбына эссе жазса, Қ.Мырза Әлидің «Атымтай Жомарт» өлеңіне «Егер мен миллионер болсам...» тақырыбына өз ой-толғауларын жазса, Д.Әбіловтың «Бата сөз» өлеңін беріп, оқушыларды екі-екіден жұптастырып, «Жұп болып оқу, жұп болып талқылау» стратегиясымен қоса «Топтастыру» стратегиясын қолданып сөз мәнін ашқызамын, «Еркін жазу» стратегиясын пайдаланып, бата, тілек сөздер жазады. Осындай жұмыстарды жүйелі жүргізу нәтижесінде оқушылар тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім арқылы оқу және жазу сауаттылығын дамытады.

Бастауыш сынып-баланы ойлауға үйретуге, жалпы дамуына жағдай жасайтын негізгі саты. Ойлаудың дамуы интеллекттің даму үрдісімен бірге жүреді. Ойлау білімдік

әрекеттің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылуы тиіс. Мұғалім әр сабақта баланың ойын білдіруге мүмкіндік беретін жағдай жасап, диалогқа түсуге көп мән бергені жөн. Тек сонда ғана білім алу баланы әлеуметтендіреді, жаңа білім саналы түрде игеріледі, функционалдық сауаттылық дамиды.

Егеменді еліміздің ертеңгі тірегі саналатын жас ұрпақты қалыптастыруда бастауыш мектеп сатысының маңызы мен рөлі өте зор. Себебі білім беру жүйесінде бұл буын айрықша орын алады. Бастауыш сынып – бұл барлық ғылымдардың негізі. Мысалы, «қазақ тілі» сабағында оқушылар нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды тәжірибелік мәселелерді шешуге қажет екендігін ұғынады. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен тәжірибені тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады, оқушылар біліміндегі жасандылық элементтерін жояды. Оқушылардың білімге ынтасының

болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына, білім сапасының жоғарылауына, білім алудың пайдасын түсінуге мүмкіндік береді. Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім берген мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушы болуы тиіс. Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Ана тілі сабағында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландыруға болады.

«БББ» кестесінің алғашқы екі кестесін, яғни «не білемін», «не білгім келедіні» оқушылар жаңа тақырып басталмас бұрын толтырады. Жаңа білімнің маған берер пайдасы қандай болмақ деген сұрақтарға жауап беруге ұмтылады.

Жұптағы ой қозғау. Оқушылар қандай да

болмасын ақпарат туралы бар білгендерін жазбаша келтіреді. Бұл тапсырманы орындауға берілген уақыт 2-4 минут қана, оқушылар өз жұптарымен жазғандарымен бөліседі, сұрақтарға жауап береді, тізімдерін толықтырады.

Кластерлер (жүзімнің шоқтары деген мағынада). Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгімелейді. Мысалы:

Ойлан, жұптас, пікірлес – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан

кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады.

Алдын-ала берілген атаулар – мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау-терминдер жазып қойып (3-4 атау) оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлауын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалімнің бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады.

Еркін жазу – оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл. Оқушылар берілген уақыт аумағында (5-7 минут) тоқтамай жазуы керек.

Сабақтың негізгі бөлімінде мұғалім оқушыларға білім алудың белсенді тәсілдерін ұсынып, олардың өздігінен жаңа

мәліметті жан-жақта қарастырып, зерттеп, игеруіне мүдделі. Оқушылар жекелей, жұппен, топпен жаңа ақпаратпен танысып, ол туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

Сұрақ қою – мәтіннің әр бөлігінен кейін оқушыларға бір-біріне немесе өзге де оқушыларға белгілі бір жүйемен сұрақ қою тәсілі. Мәтіннің бірінші бөлігі оқылып жатқанда А оқушы В-ға бірнеше жазбаша сұрақ дайындайды. Мәтін оқылып біткеннен кейін В оқушы жауап береді. Екінші бөлімнен кейін керісінше В оқушы А оқушыға сұрақ қояды. «Джигсо» әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді.

Сабақты бекітуге және үй тапсырмасына қолдануға болатын әдістер: Ыстық орындық - Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы,

оқушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады.

Оңай және қиын сұрақтар кестесі. Бұл кестені оқушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда толтыра алады. Венн диаграммасы, сөзжұмбақ, тәжірибе жасау, диктант, т.б. тәсілдерді пайдалануға болады.

Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік дағдыларының жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Сондықтан теория мен

тәжірибенің байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай мәселелік маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз етуге міндетті болып саналады.

М.ТЕМІРЖАНОВА,
№25 жалпы орта
білім беру мектебі.
Павлодар қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты жолдауында: «Сапалы білім беру Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуының негізі болуы тиіс» деп атап көрсетілгендей қазіргі кездегі білім беру жүйесі әлемдік өркениет көшіне сай, жан-жақты ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі керек.

Ақпараттық-коммуникациялық технология білім беру жүйесін ақпараттандыруға, білім сапасын арттыруға, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге, электрондық есептеуіш

техникамен жұмыс істеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивтік құралдарды қолдануға, интернет желісін пайдалануға, телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, қашықтықтан білім беру – Елбасымыздың жолдауында айтылып кеткендей елімізде оқыту теледидарын құруға негізделген міндет.

Білім – болашақ бағдары, барлық маман даярлайтын оқу орындарының басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту. Құзыреттілік – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны қолдану және ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті

құзыреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелері. Құзыреттілікті оқушының пән бойынша меңгерген білім, білігінің жинағы ретінде қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана білу қабілеті болып табылады.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: "Ұлттық бәсекелестік білімділік деңгейімен айқындалады. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет". Елбасының сөзі отандық педагогтарды қамшылауда. Қазір біздер оқытудың жаңа технологияларын меңгеру, білім беруді ақпараттандыру, әлемдік коммуникациялық желілерге қосылу арқылы оқыту мазмұнын жаңартудамыз.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы білім сапасын арттыруға бағытталған түбегейлі өзгерістерді көздейді.

Ақпараттық мәдениет негіздері мектептен бастау алатыны сөзсіз, сондықтан әрбір жаңашыл мұғалім сабақта ақпараттық коммуникативтік технологияларды пайдалана білуі қажет.

Қазіргі заман талабына сай азаматтардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа түсіп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру басты мақсатқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру, оқушыны ақпараттық сауатты болуға ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника базасында ақпаратты жинақтау, сақтау, өндеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін

математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Қазіргі кезде ақпараттық технологияларды тиімді қолдана білу оқыту әдісіне, түріне, мазмұнына ықпалы айқын, сондықтан ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолдану тиімді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ құралдарын пайдаланудағы басты мақсат – мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісіндегі жаңалықтарды қолданудағы ізденісі мен сабақты техникалық құралдармен жабдықтау. Ал оқушылар жаңалықтарды қабылдауға, заманағымына қарай икемделуге дайын. Компьютер мен телекоммуникация жабдықтары білім алумен қатар, ойын ойнау, демалу, саналы сауығу үшін қажетті, қалыпты жағдайға айналып отыр.

Қазіргі мұғалімнің ақпаратты іздеу, саралау, сақтау, жинақтау, жүйелеу, өңдеу жұмыстарын қамтамасыз ететін

бағдарламалық, техникалық құрал-жабдықтар бар, сонымен қатар компьютерлік желілердің ақпараттық ресурстарында жұмыс істеу мүмкіндігі қарастырылған.

Мұғалім қазіргі заманда маңызды біліктіліктің бірі болып саналатын әр түрлі ақпарат түрлерін пайдалану үшін оқыту құралы мен оқушы арасындағы кері байланысты шұғыл қамтамасыз етуге бағытталған мектеп оқушыларын дифференциалды оқытуды көздейді.

Қазіргі мектептерде компьютерлік техниканы сабақ барысында, сыныптан тыс шараларды, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда қолдану үшін барлық жағдайлар жасалған.

АКТ құралдарын оқу үрдісінің барлық кезеңдерінде пайдалануға болады: жаңа материалды түсіндіру, бекіту, қайталау, бақылау. Бағдарламалар мен оқулықтар, сөздіктер, анықтамалар, энциклопедиялар, хрестоматиялар, интерактивтік жабдықтар және т.б. мұғалімнің ғана емес, оқушының да сабаққа дайындығы барысында

пайдаланатын ақпарат көздері. Мультимедия мүмкіндіктері сабақтарды тартымды, мазмұнды, есте сақтауға жеңіл болуына ықпал етеді.

Интерактивті тақтаны қолдану кең мүмкіндіктерге жол ашады. Мәселелік, иллюстративті-түсіндіру, ізденіс оқыту әдістері сәтті іске асырылады. Оқу материалын қабылдау белсенділігі артады, пәнге деген қызығушылық байқалады, сабақтың тартымды сәттері берілген материалды толық меңгертіп, ол жөнінде түсінігін арттырады. Құрастырған материалдарды өзгерту, қайталап қолдану, сақтау мүмкіндігі мұғалімнің жұмысында таптырмайтын көмек.

Жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде қолданылған көрнекі материал оқушының берілген ақпаратты толығымен есте сақтауына көмектеседі.

Оқыту үдерісіндегі ақпараттық технологиялар оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға септігін тигізіп,

танымдық белсенділігін арттырады, шығармашылыққа жетелейді, талдау, жүйелеу қабілеттерін дамытып, жеке немесе топтық жоба жазу барысында алған білімдерін қолдануға, сондай-ақ қарам-қатынас мәдениеті, бірлесіп атқарған қызметте әр түрлі әлеуметтік рөлдерді орындау дағдыларын қалыптастырады. Жаңа ақпараттық технологияны меңгерген оқушы өздігінен ізденеді, қажетті ақпаратты өңдеп, талдай алады, талқыға салып, тарата алады. Осының бәрі өмірде кездесетін жағымсыз жағдайларды жеңе білу дағдылары мен жетістікке жету үшін қажетті факторлар. Ақпараттық технологиялар оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама материалдарын меңгеру және оларды жеткізу түрлерінің әр түрлі формаларын қарастырады. Білім беру, дамыту және тәрбие мүмкіндігін қамтиды. Жаңа технологияларды қолдану бәсекеге қабілетті азаматтарды дайындау барысында мектеп алдында тұрған қазіргі талаптарға

жауап беруге мүмкіндік береді. Білім беру технологиялары, оның ішінде ақпараттық технологиялар мектеп түлектерінің болашақта өмірге бейімделу негіздерін қалыптастырады.

Ұстаздың алдына келген баланың ойлау қабілеті әр түрлі болады. Мысалы, кейбірі шапшаң ойлап тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып тұсаукесер құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалдарды оқушының флеш-карталарына салып беру өте тиімді.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің тиімділігі:

- Бағдарлама бойынша барлық оқушыларға қолайлы;
- Берілген материалды әсерлі жеткізуге және оны сынып оқушылары арасында талқылауға, қателерін дер кезінде маркер арқылы жөндеуге мүмкіндік туғызады;

- Интерактивті тақта сыныптағы барлық оқушылардың назарына айналуына байланысты орталықтан демонстрациялауға қолайлы жағдай туғызады;

- Мұғалімнің де, оқушының да шабытын, қызығушылығын арттырып, сабақты тартымды өткізуге ынталандырады.

Қорыта келгенде, заманауи технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіруге, оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да - мектеп. Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үдерісін тиісті деңгейге көтеру педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

"Шәкірт - нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ" демекші, оқушылардың жеке

шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі тұлға етіп дайындау - мектептің басты мақсаттарының бірі. Мақсатқа жетер жолда аянбаған ғана нәтижеге қол жеткізеді.

Әдебиеттер:

1. 2011-2020 жылдарға арналған ҚР білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.

2. А.К.Калеченко. Педагогикалық технологиялар энциклопедиясы.

3. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы.

4. «Қазақстан мектебі». №6, 2006.

5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

6. “Болашақтың іргесін бірге қалаймыз” Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011.

7. "Информатика негіздері" ғылыми-әдістемелік журналы.

А.ҚҰМАШБАЕВА,
№5 орта мектеп.
Алматы облысы,
Текелі қаласы

ЕРҒАЗЫ МАНАПҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАХАББАТ ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Лирикада адам болмысының түгел көрініс табатыны, адам жанының сыры, ой-сезімі жоғары поэтикалық деңгейде өрнектелетіні аян. Ерғазы Манапұлы - лирик ақын. Ақын көбіне өзімен-өзі іштей сырласып, ойды іштей саралап, өзіне-өзі сауал қойып, тоқтам айтып, өз ойын дәлелдеуге тырысады. Өз мақсатына жетуде түрлі көркемдік әдістерді құбылта отырып пайдаланады. Әсіресе, өз кейіпкерінің ішкі сезімін, жан дүниесін, табиғатын, болмысын беруде пейзажды керемет пайдаланады. Табиғаттың сұлулығын бірде құлпырта сол күйінде суреттесе, енді бірде кейіпкерімен қатар ала отырып, салыстыра, астастыра суреттейді. Сол арқылы

адам болмысын, оған тән мінез-құлықтарды, қасиеттерді нақты да шынайы бейнелейді. Өз заманының суретшісі, табиғат, қоғам, адам туралы көп толғаныс тебіреністер, философиялық тұжырымдар жасаған – Ерғазы Манапұлының ақындық әлемі түрлі бейнелі образдарға, тілдік көркемдегіш сөздерге толы. Ерғазы Манапұлы қазақ ақындарының көпшілігі секілді қазақтың өз әдебиетінің шеңберінде қалып қоймай Шығыс, Батыс, орыс әдебиеті үлгілеріне зер сала отырып, сөз өрнектерін әр түрлі бояумен әрлеп, көркемдеп отырады.

Ақын өлеңдері қисапсыз да қыруар көркемдік-бейнелеушілік құралдарға бай. *Гауһардай нұрынан айналдым; Құдашаның көңілі кристалдай; Жанайын лапылдап алаудай; Кермиықтай тәкаппар; Шырмауықтай шырматылды; Сыбызғыдай сиқырлым* [1, 26-б].

Гауһардай, кристалдай, алаудай, кермиықтай, шырмауықтай, сыбызғыдай сөздері теңеу жасайтын *-дай, -дей, -тай, -тей*

жұрнақтары арқылы жасалып тұр.

*Көріпкелдей айта алмаймын ап-анық,
Шырмауықтай шырматылды көген-ес.
Кірпігіңе қалсам деп ем маталып,
Мені сендей ешкім мұңмен бөгемес.* [1, 65].

Е.Манапұлы сынды шебер ақынның қолындағы сөз әдеттегісінен тыс соны мәнге, жаңа қолданыстарға, ішкі иірімдерге, нәзік ишараға, дәмді тұспалға, мағыналық астарға ие болады. Алдыңғы шумақтағы көріпкелдей, шырмауықтай, сендей теңеулері тек бір затты екінші біреуіне теңеу ғана емес, алдыңғы ойдың оралымына орайластырылған терең философиялық толғамдар.

Өлең өрнегіндегі көркемдік қуатқа кемел айқындау пен теңеулер қазақтың қара өлеңінің қай-қайсысында болсын кездесе береді. Сондықтан да халық әдебиетінен теңеулердің барлық түрі табылады. Оның негізінде өскен және бір басқыш жоғары сатысы саналатын тарихи әдебиеттің өкілдерінің қайсысынан болсын теңеудің түр-түрін табасыз.

«Шын суреткердің өзіне деген талғам-

талабының әрбір жаңа шығарма тұсында түлеп, өзгеріп басқа қалыпта көрініп отыруы шығармашылық табиғатына етене, өнердің заңды құбылысы. Дүниені алдымен өз зердесіне тоқып алып, содан кейін барып бұрын қолданбаған тәсіл-амалдарды байқап көру, бір жағынан қызықты, үмітті болып көрінсе, екінші жағынан қауіпті де қатерлі», - дейді академик Рымғали Нұрғали [2, 63-б].

Аталмыш пікір Ерғазы Манапұлы шығармаларының мазмұны мен көркемдік сипатының түрленуін, ақын зердесінің сұңғылалығы мен тереңдігін дәл басады, әрі нақтылап көрсетеді.

Ақын өлеңдеріндегі көркем теңеулердің көптігі кейде бірнешеуінің бір шумақта іркес-тіркес қатар келуі оқырманды жалықтырмайды. Ол теңеулер бірін-бірі жай қайталай бермейді, әрқайсысы көркемдік мақсатқа құрылып, айтысқа түсіп, сөз таластырып отырған ақынның әр қилы қасиетін айқындап, оның бейнесін әр қырынан танытуға себін тигізеді. Ерғазы теңеулердің

көркемдік қызметін, гармониялық үйлесімін шеберлікпен қолданады.

«Салыстыру, теңестіру дегеніміз ойлау, сезінудің нәтижесі болғандықтан, оған негізделіп жасалған астарлы мағынасы бар көркем бейне оқушының ой-сезімін қозғап, күшті әсер етеді... Және сол салыстырудың негізі болған ой неғұрлым өткір, терең болса, көркем сезім неғұрлым нәзік, күшті, әсерлі болса, салыстырмалы бейненің, балама тұспал бейненің оқушының жан-жүйесін тебіrentіп, ойын өрістетіп, сезімін оятып, тұтандырып, ұшқындатып тұратын қуаты да соншалық зор болады», - дейді академик Зәки Ахметов [3, 16-б]. «Сен де мені ұнаттың» өлеңінде:

Мен де сені ұнаттым,

Сен де мені ұнаттың.

Сыбызғыдай сиқырлым,

Мөлдіріндей бұлақтың. [1,35]

«Орыс тіліндегі теңеулер *как, так, точно, будто, подобно, что* сөздері арқылы жасалатыны тәрізді қазақта да кейбір теңеулер *секілді, сияқты* деген сөздер

арқылы жасалады» дейді академик Қажым Жұмалиев [4, 204-б]. Ақынның көркем сөз қолданысындағы теңеу сөздер ежелден ауыз әдебиетінде, тарихи әдебиетте кеңінен қолданылып келе жатқан көркемдік амал-тәсілдердің бірі. «Аңсау» өлеңіндегі:

*Жылы жақты аңсайтын құс секілді
Алаңдайтын боп алдым өзіңді іздеп.*

Немесе:

Алатаудың ақ қары секілденген

Құдашаның көңілі кристалдай. [1, 30-б]

Ерғазы Манапұлының сөздік қорында жаңа теңеулер мен жаңа сөздік қолданыстар табиғилығымен жарасым табады.

Теңеу шығармадағы (өлеңдегі) сөзге айырықша өң береді, үстеме мағына қосады. Сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын тереңдетіп, ажарландырып, суретті көрінісін түрлендіреді. Теңеу арқылы заттың бірнеше белгілерін, ерекшеліктерін нақтылап жатпай-ақ басқа затпен салыстыра суреттесе болғаны. Ол кезде оқырман түсінігі үсті-үстіне тереңдейді, ойы айқындалады. Эстетикалық

әсер береді.

Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып жақындату арқылы астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі», - дейді академик З.Ахметов [3, 140-б]. Салыстыру мен құбылту, қиыннан қиыстырып жанастыру арқылы пайда болатын сөз өрнегі Ерғазы өлеңдерінде мейлінше көркемдік сипат алады.

Метафоралық тіркестер бейнелеп суреттеуге шеберлікті аңғартады. Айтайын деген ойдың әсемдігі ғана емес, әсерлігі үшін де құбылту тәсілі керек. «Құбылту – сөздердің тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті ойды өңін айналдырып айту» - дейді академик З.Қабдолов өзінің «Сөз өнері» еңбегінде [5, 221-б]. Е.Манапұлының «Сыр» атты өлеңінде:

Күй таңдамай өнетін қарағашпын

Бірақ талай жаңылдым, жаза бастым [1, 89-б] мұндағы *қарағашпын* метафорасы жіктік жалғауының I жақ формасында жасалған.

*Мен үшін аспандағы ай едің сен,
Мен үшін сатылмайтын асыл едің.* [1, 197-
б].

Немесе:

*Түсінбейсің халімді бірақ менің,
Елегізген елік пе ең, лақ па едің* [1, 197-б].
Едің көмекші етістіктер арқылы жасалып
тұрған метафоралар.

Метафоралардың ендігі бір ешбір
жалғаусыз, жұрнақсыз бір нәрсені екінші бір
нәрсеге балау арқылы жасалатын түрі Ерғазы
Манапұлында көптеп кездеседі. Мысалы,
«Нағыз өмір - махаббат» өлеңінде:

Нағыз өмір – махаббат,

Нағыз өмір – от құшақ [1, 115-б], аталған
сөз ауыстырулар Е.Манапұлының идеялық
мақсатын айқындап, суреткерлік шеберлігін
арттыра түседі.

Е.Манапұлы поэзиясындағы метафоралық
құрылымның бір үлгісі:

Қарғаның үні- қарғы бау

Қайырымды тұзақтар.

Жалғанның мынау, жаным-ау,

Үмітін жалғыз қыз ақтар.

Немесе:

Көңілімнің көрімдігі – тілегің,

Үлбіреген үкілі үміт – үлегім, -[6,8]
секілді құбылтулар суреттеліп отырған тән мен жанның мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдету, әсерін күшейту үшін қолданылған.

Сөз – образдың эстетикалық өрісін кеңейтуге келгенде, Ерғазы тосын эпитеттерді қолдануды жүйелі тәсілге айналдырды.

Мысалы, «Мөлдір мұң» атты өлеңінде:

Ғашық болу о бастан-ақ мөлдір мұң,

Мөлдір мұң да пәк бақыт бар баянды [7;20]

Немесе:

Сағыныштың сағағынан алып үз,

Керегесін керіп жатыр кәрі күз.

Тас төбемнен тырна көшті тыраулап,

Қайда кеттің серік болған, сары қыз.

[6,10]

Жоғарыда аталған *мөлдір мұң, пәк бақыт, кәрі күз, сары қыз* дегендері *мұң, бақыт, күз, қыз* сөздерінің айқындауыштарын сан құбылтып отырады. Мысалы, *ұяң ой, сиқыр*

сезім, ерке қыз, шәрбат шырын, ақтүбіт тұман, қарақат көз, сүйген жүрек, тентек арман, марғау күндер, т.т.

Адам бойындағы сезіну, толғану, айнала тірлікті түсіну, бақыт пен шаттықтың қызығына кенелу, ар, ұят тәрізді ұғымдарды өлеңдерінде көркем де бейнелі етіп жеткізіп отыр.

Кейіптеу – әр түрлі жан-жануар немесе табиғат құбылыстарын жансыз нәрселерді жандының іс-әрекетіне, қимылына суреттейтін көркемдік тәсіл. Мысалы, «Жалынғанбыз сан мәрте» атты өлеңінде:

*Айналам түгел ақтүбіт тұман, қараңғы,
Тал-терек әне шаптарын сілкіп таранды.
Айдалада ұлып тұрды топ қасқыр,
Жарамды тырнап,
Сілкілеп селқос санамды [1,32]*

деп жансызға жан бітіре отырып суреттейді. Бұдан Ерғазы ақынның шебер суреткер екенін көруге болады.

Ақын жырларында қайталаудың түрлері көптеп кездеседі. Қайталау – белгілі бір айтар

ойды күшейте түсу үшін, сөзді не сөйлемді сан рет қайталау. Анафора (грек. биікке шығару) – өлеңдегі әр жол немесе әр тармақтың бір сөзбен басталып, қайталана беруін мына өлең жолдарынан көруге болады.

Мен үшін аспандағы ай едің сен,

Мен үшін сатылмайтын асыл едің,

[1,12]

Немесе:

Болу керек, әр жүректің Баяны,

Болу керек, арзымайтын ай-әні [7,20]

деген қайталаулармен бірге еспе қайталау яғни, алдыңғы тіркестің аяғы, келесі тіркестің жол аяғында қайталануы.

Мен саған ғашық едім,

Ғашық едім, тасқандай тасып едім.

[1,12]

Немесе:

Есіңде ме асылым өткенгі түн,

Өткенгі түн, ызасын төккенгі түн

[1,12]

Немесе:

Қайтейін мына сені, қылықты қыз,

Қылықты қыз, діңкемді құрттыңыз.
[8,98]

Немесе:

*Тосам сенің жолыңды тағат таппай,
Тағат таппай бейнеңді бір көрсем деп,*
[8,51]

Аллитерация яғни, шығармадағы дауыссыз дыбыстардың қайталануы өлең өрімін құбылтып, әсерін күшейтеді. Осындай дауыссыз дыбыстардың қайталануы, яғни өлең жолдарының барлығы бірдей дауыссыз әріптен басталуы тағы да ақынның шеберлігінде деп айтуға болады. Бұл сөзімізге «Жаралы жаным жабырқап» өлеңін мысал етуге әбден болады.

*Жұлқынып жиі қайғы мұң,
Жүрекке маза бермеді.
Жайыңды ұғар, айбыным,
Жапырақ-хатың келмеді.*

*Жалғыздық езіп еңсемді,
Жарқанат-ойлар қысады.
Жек көретіндей мен сені,*

Жабықтырдым ба мысалы.

*Жер қабағы жағаның,
Жалқы ойды жүрмін жетектеп.
Жанарым, менің, дара әнім,
Жауабын айтшы тек ептеп.*

*Жауқазын жүрек, сабыр тап,
Жалауын жықпай ақ жырдың.
Жаралы жаным жабырқап,
Жарылуға шақ жүрмін. [8, 87]*

Е.Манапұлы поэзиясының көркемдік ерекшелігін талдай келе, ақынның тілдегі көркемдегіш құралдарды шебер пайдалана білуі, метафора, теңеу, эпитет, метонимия, кейіптеу секілді образдық-бейнелі сөздерінің өзара үндесіп, дүниетанымдық негіздерге орайласа келуінің нәтижесінде ақын өлеңдерінің көркемдік сипатының арта түсетіндігі тұжырымдалды. Осынау образдылық, бейнелілік жүйесінде сөз құбылту, қайталау, сөз мағынасын ашу секілді амал-тәсілдердің сөздердің сымбат-көркін

ашудағы алатын орны белгіленген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Манапұлы Е. «Ай астындағы армандар». -Алматы. 2005.
2. Нұрғали Р. Сырлы сөз. -Алматы, 2000, -400 б.
3. Ахметов З. «Өлең сөздің теориясы» -Алматы, 1998.
4. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. КМКӘБ. -Алматы, 1960. - 364 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. -318 б.
6. «Жас қазақ үні» газеті. №21(342) 27.05.2008, -8 б.
7. Жарасқан Ә. Парасат пен парыз. -Алматы. «Өнер». 2001.-3 б.
8. Манапұлы Е. «Жүрегіне жасырынған жалғызбын». - Алматы. 2007.

А.ТОЙБАЙ,
эл Фараби атындағы ҚазҰУ.
Алматы қаласы

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК, МӘҢГІЛІК ЕЛ ТАҚЫРЫБЫ

Тәуелсіздік – қазақ халқының ғасырлар бойғы арманы, мақсаты, мүддесі. Қаны қазақ, тәні қазақ деген жандарды бұл мәселе жай қалдырмайтыны анық. Тәуелсіздіктің оңай келмегенін, сол жолда қаншама қандастарымыздың тері мен қаны төгілгендігін ақын, жазушыларымыз тебірене шығармаларына өзек етті. Қалай десек те, бойында ұлттық намысы бар азаматтың егемендікке - тәуелсіздікке шүкіршілік етпегені қалған жоқ. Алайда бұрынғы тәрбиеге еті үйреніп, өткенді аңсайтындардың болғаны анық. Сондай қарама-қайшылыққа толы ауыр заманда ақын, жазушыларымыз қалың қауымды қайраттандыру мақсатында қазақтың

көркем сөзі мен көне тарихының белгісіз жақтарын ашу арқылы халықтың жігерін ұштап, таным-түсінігін қалыптастырды. Осы жолда қазақтың өткен тарихы мен болашақтағы мақсат-мүдделерін ашып көрсететін поэзиялық туындылардың да үлесі зор болды. Мәселен, ХХ ғасыр әдебиетінде тәуелсіздік, ұлт мүддесі тақырыбын шығармаларына өзек еткен ақындардың бірі - Мағжан Жұмабаев. Ол өз жырларында халықтың бас бостандығын, бақытты тұрмысын, егемендігін, еркіндігін аңсады. «Сағындым» өлеңінде:

*Не көрсем де, Алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де, Алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін! –*

деп өзінің азаматтық мақсатын айқын аңғартады.

Ал ақынның

*«Міне, алтын таң атты,
Күншығыстан азарып»*

деген сөз қолданысынан елдің жаңа өмірге

беттегенін, жарқын болашаққа сенімін, тереңірек ойласақ, ата-бабаларымыз аңсаған нұрлы мақсатты көздегені байқалады.

Қамшының сабындай қысқа ғұмырында өз ұлтының жайына алаңдап, мұқтажын ойлаған азамат ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлеңдерінде де халықтың көзін ашу, білімсіздікті жою, халықты ерікті, мәдениетті ету, ана тілімізді баянды етіп, қадіріне жету секілді ұлттық идея анық байқалады.

*«Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, Күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда кім болам?»*

деген өлең жолдарынан ақынның ұлт жанашыры екенін байқаймыз.

Ұлттың жаны – оның тілі екенін ескерсек, ақынның:

*Сүйемін туған тілді, анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,
Құлағымға сіңірген таныс үнін, -*

деуінің өзі қазақ тілінің мәңгі жасайтынына сенімін білдіргені.

XX ғасырдағы шоқтығы биік Алаш ақындарының бірі-Міржақып Дулатов та өз жүрегінен шыққан туындыларында ел, жер, халық мәселесін көтерген. Бәрімізге таныс «Оян, қазақ!» өлеңінде қазақ халқын ояту, ойға қозғау салу мақсатында сүйектен өтетін көркем сөздерімен өз ойын шебер жеткізе білген. Өлеңдегі «оян» сөзі – автордың биік идеялық мақсаты, басты рухани нысанасы. «Алаш» деп ұрандап, «оян» деп шырылдайды, соңындағы ұлтжанды азаматтарға танымдық-пәлсапалық ойлар айтады.

Әдебиетке Ұлы Отан соғысы жылдарында келген ұрпақтың ірі талантты өкілдерінің бірі Ж.Молдағалиевтің ақындық даңқын көтеріп, есімін әдебиет әлеміне енгізген шығармасы - "Мен-қазақпын" поэмасы. Өзінің "қазақ" екенін ағынан жарыла ерекше шабытпен жырлауы-оның ұлтжанды азамат екенін аңғартады. «Қазақ болу- зор бақыт»

дер күн тіпті... - деген өлең жолдары бүгінгі "егемендікті" жыр еткендей әсерге бөлейді. «Орысша оқыған ғана адам болады», «Орысша оқыған ғана мәдениетті» деген сыңаржақ пікір бой көрсете бастаған тұста Жұбан Молдағалиевтің суырылып шығып, «Мен-қазақпын!» деп үн қатуы ақындық, азаматтық ерлікке барабар еді.

*Мен-қазақпын, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.*

*Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске-
Айта бергім келеді, айта бергім,-*

дейді. Көптің көкейінде жатқан ой-сезімді тап басып толғағаны үшін поэма айрықша беделге ие.

Осы тәріздес ойлар ақын Қанипа Бұғыбаеваның шығармаларында да кездеседі.

*Оят, балам, жер тамырын тоқтаған,
Отыңнан от бер жүрекке соқпаған.*

Бәрін қойшы, өтер, кетер өмірде

Азаттықтан артық бақыт жоқ маған!»

деп өз өлеңдерінің бірінде бақыт жайлы

түсініктердің неше алуан түрлерін өлең жолдарына қосып, тәуелсіздіктен асқан бақыт жоқ екендігін айтады.

Қай халықтың ақынын алсақ та, әр ақын өзі өмір сүріп отырған уақытына сай заманының, халқының өзекті, басты мәселелерін көтерері анық. Жоғарыда айтқандай XX ғасыр ақындарының басты, өзекті тақырыбы-тәуелсіздік. Ал, тәуелсіздік алғаннан кейін XXI ғасырда бұл тақырып қазақ елінің мәңгілік тәуелсіз ел болып қалу идеясына ұласты десек болады.

Осы үндестік қазіргі кезең ақындары шығармаларында анық орын алады. Ақын Сембек Абдрахманов «Қазақ елі-мәңгілік ел» өлеңінде:

*Нұрлы жолмен біз алысқа барамыз,
Даму үшін бірліктен қуат табамыз.
Тоныкөк абыз кеткендей айтып өсиет,
Қазақ елі-Мәңгілік ел боп қаламыз, -*

деп жырласа, бүгінгі таңда көпшіліктің көзайымына айналған, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы

«Мәңгілік ел белгісі» өлеңінде:

*Бақыт құсы қонарда,
Мәңгілік ел боларда,
Періштенің қасына сайтан, сірә, жолар
ма?*

*Мәңгілік ел белгісі-аспандаған Бәйтерек,
Жайнап тұрған Астана, жарқыраған
Ақорда!-*

деп арманның төресі - мәңгілік ел болу екенін айтқан.

Осы ой Маралтай Райымбекұлының «Мәңгілік ел» өлеңінде де жалғасын тапқан. Мына өлең жолдары «Мәңгілік ел болу» идеясын көтерген барлық шығармаларды түйіндеп тұрғандай:

*Мәңгілік Ел-арманымның асқары,
Мәңгілік Ел-бақытымның бастауы.
Мәңгілік Ел-тарихымның дастаны.
Мәңгілік Ел-Нұрлы жолға бастады.*

«Мәңгілік Ел-қазақ елінің ұлттық идеясы» деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің кезекті халыққа Жолдауында айтқанындай, Мәңгілік Ел-ата-бабамыздың сан ғасырлық

арманы. Мәңгілік ел – теңдік, адалдық, еңбекқорлық. Бұл арман басқа дамыған елдермен терезесі тең болсын, болашақ ұрпағы ертеңі мен бүгініне сенімді болсын, керегесі кең, шаңырағы берекелі болсын деген үміттен туған. Есте ұстайтын басты қағида - Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны сақтап қалудың қиындығы. Бұл бізге талай халықтың тарихынан белгілі. Елбасының: «...өткеннің тағылымынан, өзгенің қателігінен сабақ алып, тәуелсіздікті сақтап, мәңгілік дамыған, татулығы жарасқан, зиялы, мәртебесі мен абыройы асқақ ел болып қалу - міндет» деуінің өзі бізге Мәңгілік Ел болудың басты шартын нұсқап тұрғандай.

А.ДУАНБЕКОВА,
ізденуші.

ЕКІНШІ ТІЛДІ ИГЕРУДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚАТЕЛЕРДІҢ СИПАТЫ

Әдістемелік сөздіктерде қатені «тілдік бірліктер мен тұлғаларды дұрыс қолдану нормасынан ауытқу, оқушының қате әрекетінің нәтижесі» деп қарастыратыны белгілі. «Қате» ұғымын ғалым А.А.Леонтьев: «ошибка является одним из важнейших орудий исследования нормального, правильного функционирования речевого механизма: она - это как бы сигнал «разошедшегося шва» в речевом механизме и может помочь раскрыть номенклатуру и иерархию таких «швов», т.е. внутреннее строение речевой способности» деп түсіндіреді. (1) Бұл пікірден сөйлеу тіліндегі ауытқулар тілдік әрекеттердегі қателіктерге байланысты екендігін байқаймыз. Сөйлеу тіліндегі қателіктерді психология ғылымы да қарастырады. Психологтардың айтуы бойынша кез келген мақсатқа бағытталған әрекет есте сақталады, сондықтан осындай жағдаятта

бұрынғы жасалған іс-қимыл жайындағы ақпарат негіз ретінде қолданылады. Субъектінің есінде дұрыс іс-әрекетпен қатар қате іс-әрекеттер де сақталады. Жалпы іс-әрекеттер құрылымында сөйлеу іс-әрекеті ерекше орын алады: «тіл жүйесі қарым-қатынас құралы ретінде жүзеге асырылатын іс-әрекет-сөйлеу іс-әрекеті, ал олардың қызмет ету негізіндегі дағдылар-сөйлеу дағдылары» болып табылады. (2) Ана тіліндегі кездесетін қателерді зерттеу барысында Ю.В.Красиков «қате-іс-әрекетті жоспарлау және оны жүзеге асыру арасындағы қайшылықтардың нәтижесі», - деген қорытынды жасайды. (3) Қатені жүйенің бөлігі ретінде қарастыра отыра, зерттеуші «қате» және «ауытқу» ұғымдарын бөліп қарастыру қажеттігіне тоқталады. «Ауытқуды» сөйлеушінің ойынан алшақ кетуімен байланысты сөйлеудің кез келген деңгейіндегі тілді бұзушылық, ал «қатені» тек қана нормадан жөнсіз ауытқу деп түсіндіреді. Әдістемелік тұрғыдан сөйлеу тіліндегі қателерді жіктеудің 3 мүмкіндік межесін ұсынамыз:

1. Нормадан ауытқу мөлшеріне қарай.
2. Тұрақтылық дәрежесіне қарай.
3. Оқытудың кезеңіне қарай.

Нормадан ауытқу мөлшеріне қарай сөйлеу іс-әрекеті жүйені немесе үйренетін тілдің нормаларын бұзуға әкеп соғады. Тұрақтылық дәрежесі сөйлеу іс-әрекетін тұрақты және тұрақсыз межелерге бөлудің негізі болып табылады. Оқытудың кезеңдеріне байланысты сөйлеу тіліндегі қателер мүмкін /мүмкін емес болып бөлінеді. Кез келген тақырыпты өткеннен кейін жіберілетін қателер мүмкін емес деп саналады. Және олар тілді үйренудегі алға ұмтылыстың жоқтығын дәлелдейді. Сөйлеу тіліндегі қателердің себептері мынадай деп ойлаймыз:

Бірінші себеп - үйренушілердің қабілеттерінің жеткіліксіздігі. Екінші себеп - дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі. Үшінші себеп - оқытуды ұйымдастырудағы кемшіліктер. Бірінші себеп үйренушінің үйренетін тілдің элементтерін қате пайдалануды дұрыстауға қабілетсіздігімен байланысты. Екінші себеп үйренушінің тілдің заңдылықтары мен ерекшеліктерін білмегендігіне тілдік қателер жіберуімен байланысты. Үшінші себеп - тілді игеруге мотивациялық негіз жасалмағандығына, оқу материалын оңтайлы ұйымдастырылмағандығына, педагогикалық

түзету стратегиясының тиімсіздігіне байланысты.

Өзге тілділердің қолданысындағы синтаксистік қателердің сипатына қарай оларды: үнемі қайталанып отыратын қателер және байқаусызда жіберіп алатын қателер деп бөлуге болады. Ғалымдар қатені туғызуға себеп болатын 5 түрлі факторды анықтайды: әдістемелік, психофизиологиялық, экстралингвистикалық, лингвopsихологиялық және лингвистикалық. Біздің нысанымызға сай келетіні соңғы 4 түрлі факторы.

1. Әдістемелік факторға ересектермен жүргізілетін синтаксистік жаттығулардың түрлендірілмейтіндігі, уақыттың аздығы және ең бастысы, қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімсіздігі негіз болады.

2. Лингвистикалық факторға қазақ тілінің синтаксистік жүйесінің заңдылықтары мен ерекшеліктері өз деңгейінде түсіндірілмеуі негіз болады.

3. Экстралингвистикалық фактор ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі фактор үйренушінің физикалық қалпы, шаршау, тіл дефектісі, т.т. Ал сыртқы факторға оқытуды дұрыс ұйымдастырмау негіз болады.

4. Лингвopsиxологиялық факторға: синтаксистік дағды мен іскерлікті дұрыс қалыптастырмау, өз ана тіліндегі ерекшелікпен салыстырмау, одан қорытынды жасамау т.т.

Өзге тілділердің сөйлеуіндегі қателерді: кездейсоқ жіберілген және кездейсоқ емес қателер деп бөлу тәжірибесі бар (4). Кездейсоқ емес қателер тілді үйренушілерде синтаксистік құзіреттіліктің өз деңгейінде қалыптаспағандығынан, ал кездейсоқ қателерді тілдік емес факторлармен байланыстырады. Біраз ғалымдар қателерді қатысымдық әрекетте маңызды және маңызды емес деп те жіктейді (Л.В.Щерба, Н.А.Любимова, П.С.Вовк, М.М.Галеева). Қателерді бұл ұстаныммен анықтау үшін арнайы эксперименттік зерттеулер жүргізу қажет. Оның нәтижесі қандай қатенің маңызды (тілдесім әрекетінде), қайсысы маңызды емес деген мәселеге жауап берер еді. Сонымен қатар қандай қателерге түзету жасау мәселесі де шешілер еді. Қатенің қай түрі сөйлемді түсінуді, қарым-қатынас жасауды қиындатады соны да ескеруге мүмкіндік болар еді.

Сонымен өзге тілділердің тіліндегі қателерге диагностикалық зерттеу жүргізу нәтижесі

оқытушыларға оны талдауға, ұсыныстар жасауға, сабақты тиімді ұйымдастыруға, коррекциялық бағдарлама жасауға мүмкіндік береді. Диагностика арқылы оқытудың кезеңдеріне байланысты құбылыстардың жиынтығы, оны игертудің дәрежесі айқындалады, нәтижені бағалау параметрі қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Леонтьев А.А. Некоторые проблемы обучения русскому языку как иностранному: психолингвистические очерки.- М., 1970
2. Алхазисвили А.А. Основы овладения устной иностранной речью. -М., 1988
3. Красиков Ю.В. Теория речевых ошибок.-М., 1980
4. Нечаева Е.В. К постановке проблемы ошибок в методике преподавания русского языка как иностранного//Русский язык за рубежом.- № 6. 1983.- С.67-70(1983):
5. Клейменова Т.М. Дифференцированная коррекция речевых ошибок как дидактический прием, активизирующий речевую деятельность учащихся. Автореф. дис. канд. пед. Наук.-М., 1989.

Э.САҒЫНДЫҚОВА,
№21 орта мектеп.
Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы

ТӨЛЕН ӘБДІКОВ. **«ҚОНАҚТАР» ӘҢГІМЕСІ** *(2-сағат)*

Мақсаты: білімділік-«Қонақтар» әңгімесіне әдеби талдау жасау, тақырыбын, идеялық-көркемдік мазмұнын ашуға үйрету; дамытушылық-түрлі әдіс-тәсілдер арқылы ойлау қабілеттерінің дамуына, тіл байлығының артуына, өз ойын ашық айтуға, өз көзқарасын дәлелдеп шығуға ықпал ету; тәрбиелік-қазақ халқының бойындағы адамгершілік, бауырмалдық қасиеттерді бағалай білу, үлкенді сыйлауға, ата-ана алдындағы перзенттік борышты ақтай білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылар мәтіннің мазмұнын түсініп талдайды.
2. Алған білімдерін өмірмен байланыстырады.
3. Өз ойларын еркін жеткізуге, бір-бірімен пікір таластыруға үйренеді.

Сабақтың типі: білімді жинақтау, бекіту.

Сабақтың түрі: аралас.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, пікірталас, салыстыру, топтастыру.

Қамтылатын модульдер: Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, СТО, Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, АКТ, оқытуды басқару және көшбасшылық.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі.

Көрнекілігі: жазушы портреті, сызба кестелер, нақыл сөздер, маркерлер, А3 форматты қағаз.

| Уақыты | Сабақтың ұйымдастыру формасы | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті |
|---------|--|---|--|
| 3 мин. | Ұйымдастыру кезеңі | 1. Оқушылармен амандасу 2. Журнал бойынша түгелдеу 3. Оқушыларды әдебиеттің жанрлары бойынша 5 топқа бөлу. (Әңгіме, очерк, новелла, роман, эпопея) 4. Әр топтың басқарушы, бағалаушы, хатшысын сайлаймын. | Оқушылар әдебиеттің жанрларын атау арқылы 5 топқа бөлінеді де, топ аттары жазылған парталарға отырады. |
| 10 мин. | Үй тапсырмасын тексеру. Әңгіменің сюжетін топтарға бөліп беру арқылы әңгімені баяндату. | 1-тапсырма. Топтарға өтілген әңгіменің сюжеті бойынша тапсырмалар (ресурс) беремін. Топтар сол тапсырма бойынша постер қорғайды. | 1. Оқушылар өздеріне берілген әңгіменің сюжеті бойынша постер жасап, қорғайды. |

| | | | |
|---------|--|--|--|
| | | <p>I топқа: Ерғабыл шалдың баласын сағына күтуі.</p> <p>II топқа: Сапабектің ата-анасына салқын, жасанды қарым-қатынасы.</p> <p>III топқа: Қарияның ендігі үміті-немересі Жеңісті алып қалып тәрбиелеуі.</p> <p>IV топқа: Қалаға асығыс аттанған Сапабек.</p> <p>V топқа: Ата-ананың құлазыған көңілі.</p> | 2. Топтар бір-бірін бағалайды. |
| 18 мин. | <p>Жаңа сабақ.</p> <p>Төлен Әбдіков.</p> <p>«Қонақтар» (2 сағат)</p> | <p>2-тапсырма.</p> <p>Әр топқа тапсырма беру (ресурс).</p> <p>I топқа: Әңгіменің тақырыбы мен идеясын ашу.</p> <p>II топқа: Шығарманың композициялық құрылымын сатылай кешенді талдау.</p> <p>III топқа: Шығармаға сатылай кешенді талдау. (Кейіпкерлері)</p> <p>IV топқа: Кейіпкерлерге мінездеме.</p> | <p>1. Топтар өздеріне берілген тапсырма бойынша дайындалып, жауап береді.</p> <p>2. Топтар бір-бірін бағалайды.</p> <p>3. Оқушылар берілген тақырыптар бойынша</p> |

| | | | |
|--------|---|--|---|
| | | V топқа: ВЕНН диаграммасы (Ерғабыл мен Сапабекке). 3-тапсырма. Шағын дебат. «Сапабек-Тома» тақырыптарына жақтаушы және даттаушы топ болып пікір таластырады. I-II топтар-Сапабек. III-IV топтар-Тома. V топ-бағалаушы. | жақтаушы және даттаушы топ болып пікір таластырады. 5. Топтар бір-бірін бағалайды. |
| 2 мин. | Сергіту сәті | Карттар үйі туралы бейнеролик көрсетеді. | Оқушылар интер-белсенді тақтадан бейне-таспаны қарайды. |
| 5 мин. | Бекіту. Хат жазу. (Өңгіменің негізгі кейіпкері Сапабекке хат жазу). | 4-тапсырма. Оқушыларға әңгіменің басты кейіпкері Сапабекке арнап хат жазғызады. | Оқушылар берілген тақырыпқа өздері немесе топ болып хат жазады. |
| 3 мин. | Қорыту | Мұғалімнің қорытынды сөзі: -Балалар, ешқашан да ата-анамызды | |

| | | | |
|--------|--|--|--|
| | | ренжітпей, олардың алдарындағы перзенттік борышымызға адал болып, оларды сыйлап өтейік. | Оқушы- лардың қорытынды сөздері. |
| 3 мин. | Бағалау. | Оқушыларды сабаққа қатысқанына, тапсырмаларды дұрыс орындағанына, өз ойын еркін жеткізе алғандығына қарай және топтардың бір-бірін бағалағанын да ескере отырып бағалайды. | Оқушылар бір-бірін бағалайды және топтардың жиынтық бағасын айтады. |
| 1 мин. | Үйге тапсырма: «Ата-ананың қадірі», «Ата-ана және балалар» тақырыптарының қалағандарына шағын шығарма жазады. | Оқушыларға слайд арқылы үй тапсырмасын жазғызады. | Оқушылар үй тапсыр- масын күнделік- теріне жазып алады. |

Ж.СЕҢГЕРБЕКОВА,
Жаңашаруа қазақ орта мектебі.
 Атырау облысы,
 Қызылқоға ауданы,
 Қоныстану ауылы

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. "ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА"

(5-сынып)

| | |
|--|--|
| Жалпы мақсаттар | Білімділік: ақынның ғылым-білім, табиғат туралы өлеңдерін оқыту, мән-мазмұнын меңгерту; өлеңдерді мәнерлеп оқуға, мәнерлеп жатқа оқуға және әдеби теориялық талдауға бейімдеу. |
| Оқыту нәтижесі: 1. А.Құнанбайұлы туралы мағлұмат бере алады. 2. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің мазмұнын игереді. Өз көзқарасын жүйелі түрде талдап, ойын айқын тұжырымдай алады. 3. Өз пікірін ортаға салып дәлелдей алады. | Дамытушылық: оқушылардың байқампаздығын, ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін дамыту, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру, адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру. Тәрбиелік: парасаттылық пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, өзінше ой түюге баулу; ақынның өсиет сөздерінен нәр алу. Сабақтың әдісі: зерттеу, шығармашылық жұмыс, түсіндіру, ізденіс жұмыстары, сергіту сәті, жаңа технологиялар. Сабақтың көрнекілігі: суреттер, кітаптар көрмесі, ақын туралы ой-пікірлер. |
| Сілтеме | Қазақ әдебиеті оқулығының әдістемесі |
| Сабақтың жабдығы | Тақта, суреттер, кеспе қағаздар. |
| Ынтымақтастық атмосферасы | – Балалар, біз айналамызда көңіл-күйі көтеріңкі, жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі-көңіл ажары Күліп өмір сүрейік! |
| Үй тапсырмасын сұрау | Абай Құнанбайұлының «Қыс» өлеңі бойынша: 1. Абай Құнанбайұлының өмірі туралы не білесің? 2. «Қыс» өлеңін мәнерлеп жатқа оқу. «Сұрақтар жанбыры» кезені (өлеңнің кез келген тармағы жазылады, оқушы әрі қарай жатқа оқу арқылы жалғастырады) Оқушылар бір-бірін бағалайды. 3. Қысқы табиғатты бейнелеп сурет салу (смайлик арқылы бағалау) 4. Өлеңге сатылай кешенді талдау. |

1. Білу. Дәптерлерін ашып, күннің жадын, тақырыбын жазады.

1. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің көлемі 77 жол. Абай бұл өлеңді 1886 жылы жазған. 77 жолдың бізге ұсынып отырғаны 31 жол. Бұл өлең арқылы ақын сендерді жарқын өмірге, білімді болуға, алған білімдеріңді дұрыс пайдалана білуге шақырады. Ғалым болудың басты шарты не нәрсені болсын ақылмен өлшеу, ақыл сенген нәрсеге ғана сену, көзің анық жеткен шындықты тура айту керек. Ең алдымен, біз білімді, ғалым адамдарды құрметтеуіміз керек және сондай адам боламын деп талпынуымыз керек.

Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл шығармашылық жолының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісінің біріне айналды. Ақын талантты, өнер іздеген жандар туралы айрықша зор сүйіспеншілікпен айта отырып, олардың алға қойған зор мақсатқа жету жолындағы күресте табандылық, жігерлілік көрсететініне үлкен сенім білдіреді. Абайдың бұл өлеңінен ғылымды үйренетін жастар өзінің алдына қандай мақсат қоюға тиісті екені туралы мәселе оны аса қатты толғандырғанын көреміз.

• «Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба...» деген өлең жолдарындағы орын тап деп отырғаны - алған білімді, үйренген ғылымды жұмсайтын орын. Бұдан Абай:

• «Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол...» деп адамдық, адамгершілік жайын қозғайды. Алайда ойының негізгі желісін үзбейді. Бұл тұста ерекше бір көңіл бөлерлік жай - Абай ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды.

2. Түсіну. Кітаппен жұмыс. Өлеңді мәнерлеп оқимыз. Мазмұнына талдау жасап, тақырыбын, көздеген идеясын ашамыз.

Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсейсіз

Ондай болмақ қайда деп,

Айтпа ғылым сүйсеңіз.

Сізге ғылым кім берер,

Жанбай жатып сөнсеңіз -

деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?

/«Өнерлі, білімді болу үшін жақсы оқыған адамнан үйрену керек. Өзіңді бей - жай ұстамай, ғылым жолында қиындықтан қорықпай ұзақ еңбектеніп, өз мақсатыңа жетуге болады».

- «Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген өлең жолдарын дәптерлеріне жаздыртып, түсіндіру.

/Білімді болсаң, сол білімді тек өз басыңа жаратып қоймай, білімді халыққа еңбек етуге жарата біл/

-Ақын өлеңінде бізді кім болуға шақырып тұр?

Сөздікпен жұмыс: «нәфрәтлі» - жиренішті, жиіркенішті

«ғибрәтлі» - үлгілі

3. Қолдану. Мәтін мазмұнына сай өз пікірін қолдану.

| Шығарма атауы | Бес нәрсемен қас бол, Қор болмаймын десеңіз | Бес нәрсемен дос бол, Адам болам десеңіз |
|---|--|---|
| «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі үлгісінде | | |

| | |
|---|---|
| <p>4. а) Талдау. Сатылай кешенді талдау. ә) Сұрағыма зейін сал! (қасиеттерді табу) Сергіту сәті. Құпия хаттар</p> <p>1. Құрметті достар! Менің көршімнің бір баласы бар, өзі өтірікші. Көзбе-көз өтірік айта қояды. Маған күнде келіп ойнағысы келеді. Мен онымен дос болып бірге ойнайын ба?</p> <p>2. Құрметті достар! Менің досым бар. Өзі мақтаншақ. Ойнап жүргенде үй ішін айтып, нәрселерін, қылығын айтып, бөсіп мақтанады. Мен онысын ұнатпаймын. Бірақ ойынды жақсы ойнайды. Мен осы баламен дос болайын ба? Айтыңдаршы.</p> <p>5. Жинақтау. Шығармашылық жұмыс.</p> <p>1. Абай атаға хат жазу. 2. Абайға арнау. 3. «Қиық қағаздар сөйлейді». Берілген қиықтардағы сөздерді бір-бірімен байланыстырсаң, әдемі қанатты ой шығады.</p> <p>Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.</p> | <p>6. Бағалау. «Бәйге» ойын стратегиясы. Тест жұмысы</p> <p>1. А.Құнанбайұлы қай жылы дүниеге келген? а) 1843; в) 1844; с) 1845; д) 1846; е) 1842.</p> <p>2. 2015 жылы Абай Құнанбайұлының неше жылдық мерейтойын тойлады? а) 140; в) 150; с) 160; д) 170; е) 180.</p> <p>3. Абай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін қай жылы жазды? а) 1886; в) 1885; с) 1884; д) 1883; е) 1882.</p> <p>4. Бұл өлең неше жолдан тұрады? а) 27; в) 37; с) 47; д) 57; е) 77.</p> <p>5. Абайдың атасы кім? а) Өскенбай; в) Шәкәрім; с) Құнанбай; д) Ақылбай; е) Мағауия.</p> <p>6. Абайдың қара сөздерінің саны қанша? а) 25; в) 35; с) 45; д) 55; е) 65.</p> <p>7. Абайдың өлеңін белгілеңіз: а) «Өзен»; в) «Аргымаққа оқ тиді»; с) «Өнер, білім бар жұрттар»; д) «Жазғытұрым»; е) «Жастық туралы».</p> <p>8. Үзінді Абайдың қай өлеңінен алынған? <i>Дүние де өзі, мал да өзі</i> <i>Ғылымға көңіл бөлсеңіз.</i> а) «Өнер – білім бар жұрттар». в) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім». с) «Ғылым таппай мақтанба». д) «Әсемпаз болма әрнеге». е) «Адамның кейбір кездері».</p> <p>9. «Қанағат» сөзінің мағынасы қандай? а) қайырымды; в) мейірімді; с) сабырлы; д) риза болмау; е) барға риза болу.</p> <p>10. «Ғибрәтлі» сөзінің мағынасы қандай? а) үлгілі; в) жиіркенішті; с) жамандық; д) рақым; е) жақсылық.</p> |
|---|---|

| | | |
|---------------|---|------------------------|
| | <p>Тест жауаптары:</p> <p>1 – с 6 - с</p> <p>2 – д 7 - д</p> <p>3 – а 8 - с</p> <p>4 – е 9 - е</p> <p>5 – а 10 – а</p> <p>9- 10 ұпай – “5”</p> <p>7-8 ұпай – “4”</p> <p>5-6 ұпай – “3”</p> <p>«Жалғастыр» ойыны.</p> <p>Білім азбайды, ақыл тозбайды.</p> <p>Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.</p> <p>Білгенің бір тоғыз, білмегенің токсан тоғыз.</p> <p>Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.</p> <p>Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде.</p> <p>Білмеген қауып айтады, білген тауып айтады.</p> <p>Білімді бағалау: Оқушылардың жауаптарына, сабаққа белсене қатысып отырғандарына қарай білімдері бағаланады.</p> <p>Қорытындылау. Ойтолғау (монолог түрінде). Абай өлеңдері бізді неге үйретеді? Не үйрендік? Біздің өмірімізге қажеті бар ма?</p> <p>Жинақтау. Бірнеше сөздердің ішінен Абайға қатыстысын сандықшаға салу.</p> <p>Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс. Н.Ә.Назарбаев.</p> | |
| Үй тапсырмасы | <p>1. Өлеңді жаттау.</p> <p>2. Адам бойындағы жақсы қасиеттерге байланысты мақал-мәтелдер жазып, жаттап келу.</p> <p>3. «Адам болам десеңіз» тақырыбына ойтолғау жазу.</p> | Күнделіктеріне жазады |
| Бағалау | Бағалау парақшаларын тарату | Парақшаларды толтырады |
| Кері байланыс | | |

Ф.ӘБДІРОВА,
№ 25 орта мектеп.
 Қызылорда облысы,
 Қазалы ауданы,
 Қожабақы ауылы

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫ

| | | |
|--|---|-----------|
| Сабакқа негізделген оқу мақсаты (мақсаттары) | Оқушылар халық ауыз әдебиетінің түрлерін біледі, батырлар жыры туралы түсініктерін орнықтырады. | |
| Сабак мақсаттары | Барлық оқушылар: халық ауыз әдебиетінің түрлерін ажыратады, батырлар жырымен танысып, талдайды. | |
| | Оқушылардың басым бөлігі: өз бетінше мәтінмен жұмыс жасап, бір-бірінің пікірімен санаса отырып ой жинақтайды. | |
| | Кейбір оқушылар: Батырлар жырын лиро-эпостық жырмен салыстырады, ой толғау жазады. | |
| Тілдік мақсат | Оқушылар жырдан түсінгенін, өз ойларын нақты жеткізе алады. | |
| | Негізгі сөздер мен тіркестер: батырлар жыры, қару-жарақ аттары, жер-су аттары. | |
| | Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: | |
| | Талқылауға арналған тармақтар: 1. Қалай ойлайсыз, батырлар жыры мен лиро-эпостық жырдың ұқсастығы бар ма? 2. «Қобыланды батыр» жыры мен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының қандай айырмашылықтары бар? | |
| | Сіз халық ауыз әдебиетіне батырлар жыры неліктен кіретінін айта аласыз ба? Жазылым бойынша ұсыныстар: | |
| Алдыңғы тақырып | Кіріспе | |
| Жоспар | | |
| Жоспарланған уақыт 45 минут | Жоспарланған жағтығулар | Ресурстар |

| | | | |
|----------|---------|---|--|
| Басталуы | 5 мин. | <p>Тілек айту. Топқа мақал-мәтелдер арқылы бөлу. 1-топ, 2-топ, 3-топ. Туған жер, Бағыр, Ерлік Үй тапсырмасы. «Серпілген сауал» 1. Халық ауыз әдебиетінің түрі мен саласын атап көрсетіңдер. 2. Батырлар жыры әдебиеттің қай саласына жатады? Бармақ арқылы бағалау.</p> | Стикерлерге жазылған мақал-мәтелдер |
| Ортасы | 25 мин. | <p>Жаңа сабақ. Бейне көрініс. «Баяндама» оқыта үйрету, постер қорғау. Оқушылар өздіктерінен жырды топта оқиды, талқылайды, қорғайды, сұрақтар қояды. Эвристикалық сұрақ. Жаңа сабақ бойынша сұрақтар. 1. Қобыланды батырдың ерлігі мен адамгершілік қасиеті қай бөлімде көрініс табады? 2. Егер сен батыр болсаң қандай ерлік көрсетер едің? «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» Топтық жұмыс. 1-топ: Қобыланды батырға мінездеме. 2-топ: Өлеңді құрылымына талдау Шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас. 3-топ: Жырдағы жағымды және жағымсыз кейіпкерге мінездеме жазу. Жұппен жұмыс Қобыланды батыр жырында кездесетін салт-дәстүрді дәптерлеріне түсіріп, оқу. Жеке жұмыс 1. Қобыланды батыр жырының тарихтағы орны қандай? 2. Қобыланды батырға қатысты теңеулерді тауып мінездеме беру. Топты бағалау. «Сэнгвич» әдісімен бағалау.</p> | <p>Бейне көрініс. Әдебиет оқулығы. Дәптер, ресурс парақтары, кесте.</p> |

| | | | | | | | | | |
|--|---|--|---------|---------------|----------|--|--|--|--|
| Аяқталуы | 15 мин. | <p>Кері байланыс</p> <table border="1" data-bbox="683 517 936 607"> <tr> <td data-bbox="683 517 762 562">Білемін</td> <td data-bbox="762 517 842 562">Білгім келеді</td> <td data-bbox="842 517 936 562">Үйрендім</td> </tr> <tr> <td data-bbox="683 562 762 607"></td> <td data-bbox="762 562 842 607"></td> <td data-bbox="842 562 936 607"></td> </tr> </table> <p>Үй жұмысы. Композициялық құрылысына талдау: 1. басталуы; 2. байланысуы; 3. дамуы; 4. шиеленісуі; 5. шарықтау шегі.</p> | Білемін | Білгім келеді | Үйрендім | | | | |
| Білемін | Білгім келеді | Үйрендім | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| Қосымша ақпарат: Интернет көздері. | | | | | | | | | |
| Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс | | | | | | | |
| • | • | • | | | | | | | |
| <p>Рефлексия</p> <p>Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды?</p> <p>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p> | <p>Сабақтың тақырыбы қызықты болғандықтан оқушылар шынайы араласты. Батырларды қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, салыстыра білді. Өздері де сондай ерлік жасай алатынына сенімді болды. Бейне көрініс пен өлеңді оқи отырып постер қорғағандары сабақ нәтижесін көрсетіп берді. Иә. Тапсырмаларды түсіне орындады.</p> | | | | | | | | |

М.МҮСІЛІМ,
Жаңашаруа казак
орта мектебі.
Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы,
Қоныстану ауылы

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ.
«НАЙМАН-АНА» РОМАНЫНАН
ҮЗІНДІ
(2-сағаты)
(8-сынып)

| | |
|---|--|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары | Әңгіме мазмұнын, жазушы өмірі мен шығармашылығын тереңірек таныстыру арқылы ел тарихын, әдебиетін білуге, оны құрметтеуге үйрету, топтық жұмыс арқылы бірлік, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру, жуан - жіңішке сұрақтар қойғызу арқылы ой - талдау жасауға, өлшемдік бағалау арқылы өзіндік сын - көзқарасының, әлеуметтік белсенділігінің, өзіне және өзгелердің ісіне талдау жасап, баға беру дағдыларының дамуына жол ашу. |
| Сабақтың мақсаттары | Барлық оқушылар орындай алады: оқылған әңгіменің негізгі мазмұнын түсінеді. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: оқылған әңгіменің негізгі мазмұнын түсінеді және кейіпкер бейнесін анықтайды. Кейбір оқушылар орындай алады: әңгіме мазмұнын түсінеді, кейіпкер бейнесін анықтай алады, кешенді талдау жасай алады, пікір айтады. |
| Оқыту нәтижесі: | Әңгіменің мазмұнын толық меңгереді, тақырыбын ашады, тарихи мағлұматтар алады. Сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады, бірлесе жұмыстануды үйренеді. Өзіндік сыни көзқарас қалыптасады, өзін өлшемдер бойынша бағалауды үйренеді. |
| Міндеттері: | Оқушылар шығарма кейіпкерлерін жан-жақты талдап, олардың арақатынасын анықтайды. Сыныпты топтық жұмыс жасауға, еркін сөйлеуге, жүйрік ойлауға машықтандыру. Оқушыларды бауырмалдылық, мейірімділік, анаға құрмет көрсетуге тәрбиелеу. |

| | |
|-------------------------|--|
| Сілтеме: | Оқулық; Шыңғыс Айтматов шығармалары; Слайдтан тапсырма көздері, BilimLand 8-сынып. |
| Негізгі идея | Ана жүрегі перзенті үшін мәңгі соғады. Ақыл-ой – адам өле-өлгенше өзімен бірге болатын жалғыз қазына. |
| Сабақтың әдіс-тәсілдері | «Автор орындығы», Сұрақ-жауап, мәселе тудыру, іздестіру, оқулықпен жұмыс, топпен және жеке жұмыс жасау, баяндау, пікірталас, эссе, талдау сын тұрғысынан ойлау, дарынды балалармен жұмыс, рефлексиялық есеп. |
| Бағалау өлшемдері | Мәтіннің мазмұнын түсінеді; Әңгімедегі кейіпкер бейнесін анықтайды. |
| Тілдік мақсат | Оқушылар орындай алады: оқылған әңгіме бойынша кейіпкерлерге сипаттама береді. |
| | Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: |
| | Қамқоршы, ержүрек, батыл, қайсар, аңыз кейіпкер, жанашыр ұлы тұлға, ұрпақ қамын ойлаушы, т.с.с. |

| Сабақтың кезеңі | Кезеңнің мақсаты: | Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | уақыт |
|-----------------|--|---|--|---|-------|
| | | Ұйымдастыру кезеңі: | | | |
| | | Сыныпты екі топқа бөлу «Ана», «Бала», «Әке» | | | |
| Білу | Оқыған шығарманы еске түсіріп, түсінгенін қысқаша баяндау. | Шыңғыс Төрөкүлұлы Айтматов (12.12.1928 жылы туған, Қырғыз Республикасы Талас өңірі, Шекер ауылы - 10.06.2008 жылы) – жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері. Қырғызстанның халық жазушысы, Қырғызстан Ғылым Академиясының, Еуропа Ғылым Академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері. Қазақ-қырғызға ортақ халық жазушысы, ойшыл гуманист, данагөй. | Жоспар бойынша суреттер арқылы болған оқиғаларды ретімен қоя отырып, мазмұнын қысқаша баяндайды, сол арқылы шығарманың композициялық құрылымын шығарады. | Өзін-өзі бағалау парағы мен таныстыру. Мадақтау. | |

| | | | | | |
|--------|--|--|--|--|--|
| | | <p>Социалистік Еңбек Ері КСРО мемлекеттік сыйлығының үш мәрте иегері, қоғам қайраткері. Жоспар бойынша әңгіме мазмұнын жүйелеу арқылы композициялық құрылымына талдау жасау:</p> <p>I. Экспозициясы: Тарихқа көз жүгірту.</p> <p>1. Құлдықта қалған тұтқындардың күні.</p> <p>2. Аңызға айналған Ана – Бейіт зираты.</p> <p>3. Ең ауыр жаза.</p> <p>4. Ананың өз-өзімен сырласуы.</p> <p>5. Тарихқа көз жүгірту.</p> <p>II. Басталуы: Саудагерлердің дастарқан басындағы әңгімесі.</p> <p>III. Дамуы: Найман – Ананың Сарыөзекке аттануы.</p> <p>IV. Шиеленісуі: Өз анасын танымаған жас жауынгер.</p> <p>V. Шарықтау шегі: Жуандардың Найман-ананы кууы.</p> <p>VI. Шешім: Найман – Ананың өз баласының қолынан мерт болуы.</p> | | | |
| Түсіну | <p>Повесть мазмұны бойынша сұрақ-тарға жауап бере отырып, автордың негізгі айтпақ ойын, идеясын тапқызу.</p> | <p>«Автор орындығы».</p> <p>Ашық сұрақтар қоя отырып, кейіпкер бейнесін ашу.</p> <p>Кейіпкерлер образына ене отырып, сұрақтарға жауап беру.</p> <p>1-топ. Ана бейнесіндегі оқушыға сұрақтар:</p> <p>1. Ұлыңызды іздеп келе жатқаныңызда қандай күйде болдыңыз?</p> <p>2. Не үшін жау қолынан ұлыңызды алып қашпақ болдыңыз?</p> <p>2-топ. Автор Ш.Айтматов бейнесіндегі оқушыға сұрақтар:</p> <p>1. Шығармаңызды жазарда не себепті мәңгірттер тақырыбын таңдадыңыз?</p> <p>2. Сіз ана бойындағы қандай қасиетті көрсеткіңіз келді?</p> <p>3-топ. Жоламан бейнесіндегі оқушыға сұрақтар:</p> <p>1. Өз анадан неге танымадың?</p> <p>2. Өткенді еске түсіру қиын болды ма?</p> | | | |

| | | | | | |
|---------|---|--|---------------|--|--|
| Қолдану | Шығарманың мазмұнынан түсінгендерін пайдалана отырып, кейіпкерлерге талдау жасау. | Ш. Айтматовтың «Найман-Ана» шығармасындағы кейіпкерлерге талдау жұмыстары. 3-топқа | | | |
| | | Үзінді | Қай кейіпкер? | Зарлай арнау Сұрай арнау | Арнау дегеніміз не? |
| | | - Келші бері, басына олар не істеді екен көрейін. | Ана | “Есіл ерді қарға-қузғын шоқыды-ау, ит-құсқа жем болды-ау”/270-бет/ | Зарлай арнау - кейіпкер көпшілікке не біреуге немесе басқа бір нәрсеге қайрыла сөйлегенде өз басының ауыр хал, қиын жағдайын өте зарлы мұңды түрде баяндауы. |
| | | Есіне түсірші шын атыңды. | Ана | “Ау, жерді, суды тартып алсаң мейлі, байлығыңды тартып алса мейлі, тіпті жаныңды алса да мейлі, адамның ақыл-ойын тартып алуды қандай қара жүрек ойлап тапты, құдай-ау?! /276-бет/ | Сұрай арнау - кейіпкер өз ойын өзгеге арнап сауал арқылы айтып жеткізеді де өзі сол сауалдарға жауап күтуі. |
| | | | | | |

| | | | | | |
|--------|---|---|---|--|---------|
| | | Күтілетін нәтиже: Басты кейіпкерлердің тұлғалық мінездемесі, келбеті топта талданып, кейін біріктіріледі. Оқушы пікірі: _____ Бағасы: _____ | | | |
| Талдау | Сатылай кешенді талдау жүргізіп дәлелдеу. Әдебиет теориясы бойынша қосымша мәліметтер беру. Мағынасы қиын сөздерге түсіндірме жүргізу | 1. Әңгіменің аты, авторы: Ш.Айтматов «Найман-ана» 2. Тақырыбы: Жауыздықтың асқан түрі, ананың зары мен ел аңызы. 3. Идеясы: Мәңгүрт ұлын іздеген Найман-ананың жан күйзелісі арқылы жер бетіндегі жауыздық атаулыға балта шабу. 4. Тәрбиелік мәні: Жауыздықты әшкерелейді, оны жоюға шақырады. Ананың ерлігін, махаббатын, қайсарлығын дәріптейді, үлгі етеді. 5. Жанры: Психологиялық роман Сөздік жұмыс Мәңгүрт – бұл жерде ақылы кем, есуас, жынды. Кепеш – сырып не кестелеп тігілген, жұқа дөңгелек тақия. Көн – ірі қараның терісінен иленген қатты былғары. Құрса – бұл жерде дөңгелек немесе жұмыр заттардың сыртынан айналдыра, қыса ұстатқан темір шеңбер. | Әр топ тақырып бойынша ізденіп келген дәлелдерін ортаға салып, талдау өткізеді. | | 8 минут |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---------|
| Жинақтау | Кейіпкер бейнесіне қатысты ойларын ортаға салып, жинақтап, хат жазу. | РАФТ стратегиясы бойынша арнау хаттарын жазу. Р-рөл-оқушы А-аудитория-сынып Ф-форма-хат жазу Т-тақырып-арнау хат Найман-анаға арнау хат. | Жазған шығармаларын топ ішінде талдап, ең үздігін ортада жариялайды. | | 5 минут |
| Бағалау Үйге тапсырма, кері байланыс. | Алған біліміне сүйене отырып, ойды жинақтап, түйін түйю. | «Өрмекшінің торы» арқылы сабақты қорытындылау. 1. Жауыздық – адамзатқа тән бе? 2. Ана - Бейітті халық неге соншама қадір тұтады? 3. Найман - Ана ерлігін қалай қабылдадың? 4. Ананың үміті көп пе, әлде күдігі басым ба? 5. Ерікті, еріксіз мәңгірттер кімдер? 6. Мәңгірттік дегеніміз не? 7. Зомбильқ деген не? «Мәңгірттік: кеше және бүгін» тақырыбында эссе жазу.Талаптар: - Тақырыптың ашылуы. - Сөздік қорын орынды пайдалануы. - Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс пайдалану. - Өз ойын грамматикалық тұрғыдан дұрыс, логикалық бірізділікпен жеткізе білуі. - Өздігінен қорытынды жасау. | | | 5 минут |

Ш.КАКЕНОВА,
Т.Айбергенов атындағы
орта мектеп.
Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы,
Миялы ауылы

С.ТОРАЙҒЫРОВ. «ТАНЫСТЫРУ»
ПОЭМАСЫ, «АЛАШ ҰРАНЫ»
ӨЛЕҢІ

Мақсаты: Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығымен таныстыру;
Өзіндік ой-пікірлерін айта білуге үйрету,
шығармашылық қабілеттерін дамыту;
Отансүйгіштікке, еңбек пен елді құрметтеуге шақыру.

Сабақтың түрі: жаңа сабақты меңгерту.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауаптар, мәнерлеп оқу, топтастыру, өз ойларын дәлелдеу, т.б.

Көрнекілігі: слайд, электронды оқулық, ақынның кітаптары, т.б.

Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі, музыка, география.

Сабақтың барысы: а) Ұйымдастыру кезеңі:
Сабақ ұйымдастырылады. Оқушылар топқа бөлінеді.

ә) Үй тапсырмасын пысықтау: Үйге берілген тапсырмалар тексеріледі;

б) Жаңа сабақты түсіндіру: - Балалар, бүгінгі сабағымыз алаштың арлы азаматтарының бірі Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығы, «Таныстыру» поэмасы мен «Алаш ұраны» өлеңі. (Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі туралы оқушылардың бұрынғы білімдеріне сүйене отырып, толықтырулар ұсынылады, «Таныстыру» поэмасы мен «Алаш ұраны» өлеңінің мазмұны қысқаша түсіндіріледі.)

1-топ поэма мен өлеңді мәнерлеп оқиды.

2-топ «Миға шабуыл» әдісімен талдау жасайды:

а) Қазақ нені армандайды?

ә) Елдің жүрегі неге мұздаған?

б) Ол неге «қара қазақ пен оқыған», - деді екен?

1-топ. «Алаш ұраны» өлеңін әнімен тыңдай отырып оқушылар бірнеше сұрақтарға жауап береді.

2-топ. «Топтастыру».

Ілім-білімге құштар Қараңғылықтан құтқаратын
Алаш азаматын армандайды

Алаш ұраны

Еліне адал қызмет Надандықпен
еткісі келеді күреседі

Сергіту сәті.

- Қолымызға дүрбімізді алайық, не көрдік?

- Қазақстанды. (Осы сәтте экранға Қазақстан бейнеленген карта шығады.)

- Баянауыл аймағын. (Осы сәтте экранға Баянауылдың суреттері шығады.)

- Сұлтанмахмұт Торайғыровты. (Осы сәтте экранға Сұлтанмахмұт Торайғыровтың суреті шығады.)

1-топ. Деңгейлік тапсырмалар. Ақынның өлеңдерінен үзінділер беріледі. Оқушылар өз деңгейлеріне қарай өлеңді өз ойларынан құрастырады.

2-топ. Өлең құрылысын талдау.

«Алаш ұраны» өлеңін талдайды.

Сабакты қорытындылау.

1-топ. «Менің ойым» тақырыбына ой

түйін жасау.

2-топ. «Менің арманым» тақырыбына пікірлесу.

Рефлексия. «Венн» диаграммасы арқылы ортақ ойымызды табу.

| | | |
|---------------------|--|------------|
| С.Торайғыровтың ойы | Өз халқын шексіз сүйеді. Еліне адал қызмет еткісі келеді, т.б. | Менің ойым |
|---------------------|--|------------|

Бағалау.

Үй тапсырмасы.

1. Поэманы мәнерлеп, өлеңді жатқа оқу.

2. «Орны отайып көгерді, Ақын арманын ел көрді» тақырыбына ой толғау жазу.

Қорытынды. - Жүсіп Баласағұнның «Біле бер, қанша білсең тағы тіле, жетерсің мұратыңа біле-біле» деген сөзін әрқашан естеріңе сақтап, білмекке құмар болыңдар. Сабақтан түйген ойларың болашақ өмірлеріңнен көрініс тауып, күн нұрындай барша қазақ халқына шуақ сеуіп, жарқырап жүріңдер!

Сабақ аяқталды.

Н.ЕРБОЛОВА,
№ 6 ЖОББ мектебі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Бөрлі ауданы

«ЕР ТӨСТІК» ЕРТЕГІСІ

| | | | |
|----------------------------------|---|---------------------|----------------------------|
| Сабақ негізделген оқу мақсаттары | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| Табыс өлшемдері | Білу. «Ер Төстік» ертегісінің мазмұнын түсіндіру. Түсіну. Ертегі түрлерін ажырату. Қолдану. Ашық сұрақтар құрастыруға үйрету. | | |
| Тілдік мақсат | А) Мазмұнын меңгереді, түсінеді; Ә) Ертегі түрлерін бір-бірінен ажырата алады. Б) Сын тұрғысынан ойлауға үйренеді. | | |
| Алдыңғы оқу | Пәнге арналған лексика және терминология: Ертегі Диалогке қатысты сөздер мен сөз тіркестері: <i>Біртөбе, жасау, сауыт, матау, құт, інген, пері, көкпек, мүләйімсү, егеу, кісе, шақпақ, суат.</i> Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Ертегі авторлары кім? 2. Ертегіде шындыққа жанасатын тұстар бар ма? | | |
| Жоспар | Жұмбақтар туралы мәлімет алды. | | |
| Жоспарланған уақыт | | | |
| Басталуы | Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар ескерпелерді жазыңыз) | Уақыт | Ресурстар |
| Ортасы | Сыныппен сәлемдесу, ынтымақтастық орнату. Сергіту сәті. «Біз қай аңыз?» | 5 минут | АКТ, маркер, қима қағаздар |

| | | | |
|-----------------|---|-----------------------|--|
| | Көңілді әуен орындалады, оқушылардың қолына аңдардың аты жазылған қағаздар беріледі және топтасып аңдарды бейнелейді. Топқа бөлу (аю, қасқыр, түлкі, қоян арқылы топқа бөлу) | | |
| Аяқталуы | Миға шабуыл 1. (Сурет арқылы) – интерактивті тактадан ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсету. 2. «Ойлан, жұптас, бөліс» (Топқа мәтінді бөліп беру) 1. «Ойлан» (Үш топқа мәтінді бөліп беру) 2. «Жұптас» (Түсінгендерін бір-біріне түсіндіру) 3. «Бөліс» (Мәтін бойынша 2 сұрақ дайындап, келесі топқа қойып, ой бөлісу) | 5 мин. 20 мин. | |
| Қосымша ақпарат | Бағытталған стратегия (жуан және жіңішке сұрақтар) Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар беру: 1. Ертегі дегеніміз не? 2. Ертегінің неше түрі бар? 3. Ертегі авторы бар ма? 4. «Ер Төстік» ертегісі қай ертегі түріне жатады? 5. Ер Төстік қандай кейіпкер? | 10 мин. | |
| Саралау: | Оқулық, 5-сынып. Қазақ әдебиеті, Атамұра 2015, АКТ. | | |

Б.ЖАРКЕНОВА,
«Жарбұлақ орта мектебі» КММ.
 Шығыс Қазақстан облысы,
 Үржар ауданы,
 Қабанбай ауылы

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. «ҚАЛҚАМАН-МАМЫР» ПОЭМАСЫ

| | | |
|------------------------------|---|------------------------|
| Мақсаты | 1. Поэманың мазмұнын терең меңгерту, композициялық құрылысына талдау жасатып, кейіпкерлер әлеміне үңілдіру. 2. Оқушының шығармашылық белсенділігін арттыру, тіл байлығын дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. 3. Оқушыларды адамгершілікке, бауырмалдыққа, мейірімділікке, салт-дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу. | |
| Күтілетін нәтиже | Поэманың мазмұнын ашып көрсете алады. Тақырып ұғымын біледі, түсінеді, ортақ пікірін шығара алады. | |
| Қолданылатын әдіс-тәсілдер | Миға шабуыл, спираль, топтастыру әдісі, портрет, өмірлік ахуалды талдау. | |
| Қолданылатын ресурстар | Портрет, жазу тактасы, кітаптар, маркерлер, түрлі-түсті гүлдер. | |
| Ұйымдастыру кезеңі (2 минут) | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушылардың іс-әрекеті |
| | Сәлемдесу, оқушыларды жылы жүзбен | |

| | | | |
|--|---|--|---|
| | қарсы алу, тілек айту. «Жүректен жүрекке» тренингін ұйымдастыру. | Сәлемдеседі, жылы қабақты сезеді, бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіреді. Бүгінгі күніне сәттіліктер тілейді. | |
| Сынып оқушыларын топқа бөлу. (3 минут) | Әр түсті күлтешелер арқылы қима суреттер таратады. | Түстер арқылы шағын топтарға бөлінеді. | |
| Сабақ кезеңдері | Тапсырма | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушылардың іс-әрекеті |
| Үй тапсырмасын тексеру. Қызығушылықтарын ояту. (6 минут) | «Миға шабуыл» әдісі. 1. Шәкәрім кім? Қайда, қашан дүниеге келді? 2. Жан-жақты сауатты болып өсуіне кім ықпал етті? 3. Неше жасында хат таныды? 4. Қандай тілдерді жетік білді? 5. Қандай шығармаларын білесіңдер? | Үйге берілген тапсырма бойынша сұрақ қою. | Үй тапсырмасына берілген сұрақтарға жауап береді, шапшаңдылық танытады, өз ойларын жеткізеді. |

| | | | |
|-------------------|--|---|--|
| | | <p>6. «Қалқаман-Мамыр» поэмасын кімнің кеңесі бойынша жазды?</p> <p>7. Оқиға қай жылы, қай жерде болды? Қай кезеңді суреттейді?</p> <p>8. Шығарманың тақырыбы, идеясы не?</p> <p>9. Шығармадағы кейіпкерлер кімдер?</p> | |
| Түсіну (12 минут) | <p>Поэманы композициялық құрылымы бойынша талдау.</p> <p>1. Оқиғаның басталуы:</p> <p>а) 1722 жыл. Сыр бойы. Орта жүзде болған оқиға. Мәмбетей өсіп-өнеді. Мамыр қыздың бой жетуі.</p> | | |

| | | | |
|------------------------------|---|---|---|
| | <p>2. Оқиғаның дамуы:</p> <p>а) Қалқаманның Мамырға ғашық болуы. Алғаш кездесуі, тілдесуі.</p> <p>ә) Мамырға құда келетіні жайлы Қалқаманның естуі.</p> <p>3. Оқиғаның шиеленісуі:</p> <p>а) Қалқаманның Мамырды алып қашуы.</p> <p>ә) Көкенай мен Мәмбетейдің қарсы болуы.</p> <p>4. Оқиғаның шарықтау шегі:</p> <p>а) Мамырдың Көкенай қолынан қаза табуы.</p> <p>Оқиғаның шешімі:</p> <p>а) Әнет бабаның Қалқаманға үкім шығаруы.</p> <p>ә) Қалқаманның елден кетуі.</p> | <p>Поэма мазмұнын түсінгеннен кейін композициялық құрылысына талдау жасату.</p> | <p>Топ мүшелері бірлесе отырып талдау жасайды.</p> |
| <p>Сергіту сәті (2 мин.)</p> | <p>Көршінің портреті</p> | <p>Оқушыларға ақ паракшалар таратады.</p> | <p>Оқушылар көршілерінің портретін салады, бір-біріне тілек</p> |

| | | | |
|----------------------|---|--|--|
| | | | жазады. |
| Қолдану (7 мин.) | Кейіпкерлерге мінездеме. 1-топқа – Көкенай 2-топқа – Қалқаман 3-топқа – Мамыр | | Топ мүшелерімен ақылдаса отырып, кейіпкерлерге мінездеме береді, постер қорғайды және семантикалық карточканы толтырады. |
| Талдау. (3 мин.) | Қалқаман мен Мамырдың қосылғаны дұрыс па? | Оқушыларға ой тастау | Оқушылар өз ойларын ортаға салады, пікірлерін білдіреді. |
| Жинақтау (5 мин.) | 1 минуттық эссе. 1-топ. Егер мен автор болсам... 2-топ. Егер мен Қалқаман болсам... 3-топ. Егер мен Әнет баба болсам... | Оқушыларға өз ойларын, болжамдарын жазғызып оқыту. | Берілген сұрақтарға өз ойларын жеткізе отырып тақырыпты сипаттау арқылы жинақтайды, жаңа сабақ бойынша түсінгендерін жазады. |

| | | | |
|---------------------------|--|----------------------------------|---|
| Бағалау. (1 мин.) | Өзін-өзі бағалау. Қызыл гүл-5, көк гүл-4, сары гүл-3. | Топтарға гүлдерді тарату. | Әр оқушы гүлдер арқылы өз-өздерін бағалайды. |
| Кері байланыс (3 мин.) | Бүгінгі сабақтың соңында қандай сезімде отырсыздар? Сабақтан қандай әсер алдыңыздар? | Әр топ мүшелеріне стикер тарату. | Әр оқушы стикерге өз ойларын жазып, смайликтердің астына іледі. |
| Үй тапсырмасы (1 мин.) | а) Поэмадан салт-дәстүрді, көркемдегіш құралдарды тауып, жазып келу. 1-топ. Мамырдың соңғы сөзі. 2-топ. Әнет бабаның Қалқаманға шығарған үкімі. 3-топ. Қалқаманның елімен қоштасу сөзі. | | Дәптерге жазу. Жаттау. |

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Б.ҚҰЛАНБАЕВА,
«Ж.Құдайбергенов атындағы
орта мектебі мектепке дейінгі
шағын орталығымен» КММ.
Алматы облысы,
Ұйғыр ауданы

МЕЗГІЛ БАҒЫНЫҢҚЫЛЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Мақсаты: еркін сөйлеу, қисынды ойлау
кабілеттерін арттыру.

Міндеті: білімділік-оқушылардың білімдерін
тереңдете отырып, мезгіл бағыныңқылы сабақтас
құрмалас сөйлемнің жасалу жолдарын ұғындыру;
дамытушылық-оқушының өзінше ойлау қабілетін
дамыту, қорытынды жасауға үйрету, үйренген
сөздерін ұтымды пайдаланып, сөйлеуге, өзгенің
пікірімен санасуға, бұйыру шартымен емес,
дәлелмен сөйлеуге үйрету; тәрбиелік-өз Отанын
сүйуге, батылдыққа, тәуекелдікке тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, тірек-сызбалар арқылы
әңгімелеу, диалог.

Көрнекілігі: маркер, ватман.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру: сәлемдесу, сыныпты түгелдеу. Мұғалім бағалау парақшаларын таратады. (Өзін-өзі бағалау) Оқушыларды санау әдісі арқылы 3 топқа бөледі.

II. Үй жұмысын тексеру.

Оқушыларға кеспе қағаздары таратылады.

Біліммен ой сергіту.

1. Құрмалас сөйлем неше жай сөйлемнен болады? (кемінде екі)

2. Түсіндірмелі салаластың жалғаулығын ата (жоқ)

3. Ыңғайласқа айналатын салалас түрі (кезектес)

4. Қайталанбайтын жалғаулықтар (және, немесе)

5. *Мынау, сонша, сол* жалғаулығы қай салаласта? (жалғаулық емес)

6. Үш жалғаулығы бар салалас (кезектес)

7. *Сәулең болса кеудеңде, мына сөзге көңіл сал* (шартты бағ. саб.)

8. *Сабаққа жақсы жауап берсең, бес аласың* (салалас емес)

III. Грамматикалық тақырыпты түсіндіру.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді тірек-сызбалар арқылы түсіндіру.

IV. Мәтіндермен жұмыс.

Мәтінді оқып шығып, бір-біріне әңгімелеу, жаңа сөздермен танысу. Бір-біріне сұрақтар қойып, пікір

алмасу, түсіндіру.

Мысалы:

- Екі әңгімеден қайсысы ұнады?
- Неліктен әкесін құтқарды деп ойлайсындар?
- Қай ұлға сүйсіндіндер?
- Осындай жағдайға түссеңдер, сендер не істер едіңдер?
- Әкенің тілін алу керек пе?
- Өзің кімнің орнында болғанды қалайсың?
- Қандай ой түйдің?

Осыдан соң 2 топқа мынадай тапсырма беремін, яғни пікірталас жүргізеді, 1-топ ерте кездегі ұлдарсындар, 2-топ қазіргі кездегі ұлдарсындар, 3-топ бақылаушы.

(Оқушылар сипаттайды)

1-топ Ерте кездегі ұл бала.

2 топ Қазіргі кездегі ұл бала.

V. Жаттығулармен жұмыс.

1. Мәтіннен мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді тауып, көшіріп жазып, жасалу жолын көрсетіндер.

2. Берілген сөздердің антонимдерін табындар:

| | |
|-----------|--|
| Қартайған | |
| Ержүрек | |
| Қауқарсыз | |

| | |
|---------|--|
| Пайда | |
| Қуану | |
| Жағымды | |

(өзін-өзі бағалау)

VI. Сабақты бекіту.

Кері байланыс (келісемін, келіспеймін)

Сұрақтарға *иә*, *жоқ* деп жауап бер.

1. Шал ұлынан ақша сұратты. (жоқ)

2. Кедей шалдың ержүрек, адал ұлы бар екен.

(иә)

3. Бала біреуден көмек сұрады. (жоқ)

4. Әкесі қауқарлы, жас болатын. (жоқ)

5. Баласы қарақшылармен жолыққан жоқ. (жоқ)

6. Баласы өзін ұсынды. (иә)

7. Олар шалдың ұлына таң қалған жоқ. (жоқ)

8. Олар әкесін берді. (иә)

9. Ұлын алып қалды. (жоқ)

10. Әкесі мен баласы үйіне қайтты. (иә)

Оқушыларға стикерлер тарату

Не үйрендім?

Сізді не қызықтырды?

Қандай қиыншылықтар болды?

Жиынтық баға шығару.

Үйге тапсырма: ережені жаттау, өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алу, әр оқушы 1 ситуациялық жағдай дайындап келу.

А.ДОСЖАНОВА,
№3 ЖОББМ.
Батыс Қазақстан облысы,
Бөрлі ауданы,
Ақсай қаласы

ҚОСАРЛАНУ ЖОЛЫМЕН ЖАСАЛҒАН ТУЫНДЫ СӨЗДЕР

(5-сынып)

| | |
|-------------------|---|
| Мақсаты | Қосарлану жолымен жасалған туынды сөздер жайлы түсінік беру, қосарлану арқылы әр түрлі ұғым атаулары жасалатынын меңгерту, басқа туынды сөздер түрлерінен ажырата алуға үйрету. |
| Күтілетін нәтиже | 1. Қос сөздердің жасалу жолын біледі, түсінеді. 2. Қос сөздерді басқа туынды сөздерден ажырата алады. 3. Қос сөздерге талдау жасай алады, мәтін құрастыра алады. |
| Керекті жабдықтар | Флипчарт, маркерлер, суреттер, MP3 плеер, ноутбук, компьютер, презентация, оқулық. |
| Сабақ барысы | |

| Сабақ кезеңдері | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті |
|--------------------|---|---------------|
| Кіріспе 7 минут | Мұғалім оқушылармен амандасады. Назарларын сабаққа аудартады. Кезекшімен тілдеседі. | |

| | | |
|--------------------------------|---|--|
| | <p>Үй тапсырмасын тексереді. 376-жаттығу. «Сұрақтары бар қорап» әдісі арқылы өткен тақырыптарды қайталап, еске түсіру.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сөзжасам дегеніміз не? • Жаңа сөздердің жасалуының қандай тәсілдері бар? • Туынды сөздердің лексикалық жолмен жасалуы дегеніміз не? Мысал? • Жұрнақтар жалғану арқылы жасалған туынды сөздер дегеніміз не? Мысал? • Бірігу жолымен жасалған туынды сөздер дегеніз не? Мысал? <p>Оқушыларды мадақтау.</p> | <p>Оқушылар мұғаліммен амандасып, орындарына отырады. Сабаққа дайындықтарын байқатады. Үй тапсырмасын айтады, бір-бірін бағалайды. Оқушылар өз қалаулары бойынша қораптан сұрақ алып, соған жауап беруге тырысады, өткен тақырыптарды еске түсіреді.</p> |
| <p>Тұсаукесер. 5 минут</p> | <p>Жаңа сабақтың тақырыбын айтпас бұрын мұғалім жерлес ақын Қадыр Мырза Әлидің өлеңін оқиды. Дұрыс айтасыздар, балалар, бүгін біз қосарлану жолымен жасалған туынды сөздермен</p> | <p>Оқушылар өлең жолдарын мұқият тыңдайды және осы өлең жолдарынан қандай туынды сөздер бар екенін айтып, қалай жасалғанына назар аударады.</p> |

| | | |
|----------------------------|---|---|
| | танысатын боламыз. | Осылай сабақтың тақырыбын өздері ашып, мақсатын анықтайды. Қосарлану жолымен жасалған сөздердің ережесін шығарып, мысал келтіреді. |
| Негізгі бөлім. 5 минут. | Жаңа тақырыпты игерту. «Сарбазым» әнін қосу. Әннің ішіндегі сөздердің орнына сол сөздердің синонимдері жазылады. Оқушы соны тыңдай отырып анықтап жазуы керек. Балалар, қай мереке таяп қалды? Дұрыс айтасындар. Бұл - біздің еліміздің мерекесі. Ал біздің Отанымызды қорғаушы кімдер? Сарбаздың бойында қандай қасиеттер болу керек деп ойлайсыздар? Осы сіздер атап шыққан | |

| | | |
|----------|--|---|
| 5 минут | <p>қасиеттердің ішінде туынды сөздер бар ма? Қандай жолмен жасалған сөздер? Қазір сізге тапсырма: 1,2-топ әскерде жүрген ағаңызға хат жазасыз, 3,4-топ «сарбаз» сөзіне «Бес жолды өлең» әдісі. Біздің сыныптың жігіттері де болашақта Отан алдындағы борыштарын өтеп келеді деп есептейміз.</p> | <p>Оқушылардың алдында әннің сөзі жатады. Әннің кейбір сөздері өзгертілген. Оқушы міндеті әнді мұқият тыңдау және алмастырып жазылған сөздің түпнұсқасын табу. 7- мамыр «Отанқорғаушылар күні».</p> |
| 10 минут | <p>«Суретті сөзбен дәл жеткіз» ойыны. Әр топта ноутбукта белгілі бір мейрамға қатысты сурет шығады. Топ осы сурет бойынша мәтін құрастырады. Келесі топтардың міндеті қай мейрам жасырылғанын табу. Суреттегі мейрамдар: 1-мамыр бірлік күні, 7-мамыр Отан қорғаушылар күні, 9-мамыр Ұлы жеңіс күні, 25-мамыр соңғы қоңырау. Сөйлем мөлшері бесеу. Сөйлемде міндетті түрде қосарлану</p> | <p>Отансүйгіштік қасиеті, ержүрек, батыр, еліне деген сүйіспеншілік, сертіне берік болу керек. Жұрнақ жалғану, бірігу арқылы жасалған туынды сөздер. Оқушылар амандық хат, бес жолды өлең жазады. Топтар бірі-бірін бағалайды. Оқушылар топта сурет бойынша 5 сөйлемнен аспайтын мәтін құрастырып, келесі топқа жасырады.</p> |

| | | |
|---------------------------------|--|---|
| <p>2 минут</p> <p>10 минут</p> | <p>жолымен жасалған туынды сөздер болуы шарт. «Семантикалық карта» жұптық жұмыс.</p> <p>Флипчартпен жұмыс.</p> <p>1,2-топ – Отан қорғаушылар күніне арналған құттықтау газетін шығарасыз, мерекенің эмблемасын жасау.</p> <p>3,4-топ - қала халқын шеруге шақыру жолын көрсетесіз, мейрамды жарнамалайсыз.</p> | <p>Топ мұқият тыңдап, тез табуға тырысады.</p> <p>Бір-бірін бағалайды. Яғни сөйлем көлемі бесеуден аспағаны және қос сөздердің болуы ескеріледі.</p> <p>Топ бірігіп жұмыстанады және өзара тексереді.</p> <p>Топ ішінде жұптасып семантикалық картаны толтырады.</p> <p>Сөздердің қандай жолмен жасалғанын анықтау.</p> <p>Оқушылар бірлікте жұмыстануға дағдыланады, бір-бірінің ойын сыйлайды, өз ойын қосуға тырысады.</p> |
| <p>Қорытынды</p> <p>3 минут</p> | <p>Жеке жұмыс. Білімді бекіту. Оқушылар тест орындайды, жұмыстарын мұғалімге тапсырады.</p> | <p>Алған білімді қорытындылайды, өз жұмыстарын сараптайды.</p> |

Ж.БИГЕЛДИНОВА,
Әліби Жангелдин
атындағы орта мектеп.
Ақтөбе облысы,
Шалқар қаласы

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

(5-сынып)

Мақсаты: дауысты дыбыстардың жасалу жолын, ерекшелігін ұғындыру.

Міндеті: білімділік-дауысты дыбыстардың жұп-жұбымен бірнеше топқа бөлінуін көрсету; тілдің қатысына қарай бөлінуін аңғарту; тәрбиелік-оқушыларды бірлікке, достыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу; дамытушылық-оқушылардың сөздік қорын дамыта отырып, фонетика туралы түсініктерін кеңейту.

Типі: білік пен дағдыны қалыптастыру.

Әдісі: сөз, түсіндірмелі, жаттығу, практикалық әдістер.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі:

- а) Сынып оқушыларын түгелдеу;
- ә) Сыныптың санитарлық тазалығы;
- б) Оқу құралдарын тексеру;

в) Поэзия минуты. М.Мақатаев «Үш бақытым» өлеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

а) 238-жаттығу. (Оқыту арқылы тексеру). Бас әріппен жазылатын сөздерді бас әріптен бастап жазу.

1-слайд. (Тексеру үшін) Ертеде. Бір. Жалғыз. Оны. Әй. Атқа. Өзін. Мұны. Бұл.

ә) Әліпбиді жатқа сұрау.

2-слайд.

7 ----1--- 26 ---37 ---24 ----25 ---37

Д ---а ----у ----ы ----с ----т ---ы

7 ---37 ---3 ----37 ----24 ----25 ---1 ----23

д ---ы ----б ----ы ----с ----т ----а ----р

- Сонымен, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Дауысты дыбыстар және олардың түрлері. Жуан және жіңішке дауыстылар. Олай болса, мына суреттер бойынша топтаса қойыңдар.

"Фонетика" сөзіне топтастыру.

(Тіл дыбыстары, әліпби, тіл білімінің бір саласы, буын, әріп)

- Тіл дыбыстары қалай жасалады?

- Тіл дыбыстары сөйлеу мүшелері арқылы жасалады.

- Сөйлеу мүшелеріне не жатады?

- Өкпе, ауыз қуысы, оның ішінде: тіл, таңдай, ерін және мұрын қуысы.

- Олай болса, сендерге мына суреттер неге берілген? (жақ, тіл, ерін суреті)

- Иә, дауысты дыбыстар бірнеше түрге бөлінеді екен. Тіл қатысына қарай: жуан, жіңішке, ерін қатысына қарай: еріндік, езулік, жақ қатысына қарай: ашық, қысаң болып бөлінеді.

- "Фонетика" сөзінде неше буын бар? Оны қалай білдік?

- Дұрыс, сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады екен.

- Қазақ тілінде неше дауысты дыбыс бар?

- 12. Айтып көрейікші! Оны айтқанда қандай ерекшелік байқадыңдар?

- Иә, ауа өкпеден еш кедергісіз шығып, үннен ғана тұратын дыбыстар дауысты дыбыстар деп аталады. Енді олар тіл қатысына қарай жуан, жіңішке болып бөлінеді.

Астана – жуан буынды сөз. Жуан дауыстылар тілдің кейін шегініп, үсті дөңестену арқылы жасалады. (а, о, ұ, ы, у)

Бәйтерек – жіңішке буынды сөз. Жіңішке дауыстылар тілдің ілгері созылуы арқылы

жасалады. (ә, ө, і, ү, и, э, е, у)

- Аралас буынды сөздер бола ма?

- Кітап, телефон, Ботагөз, аз-кем;

У – ерекше дыбыс. Ол - бірде дауыссыз, бірде дауысты, бірде жуан, бірде жіңішке дауысты.

Мысалы: сұлу, тура (У дыбысы – жуан дыбысты дыбыс.)

- *Куәлік, жүру* сөздерінде У дыбысы – жіңішке дауысты дыбыс.

-*Жауын, қауын* сөздерінде У дыбысы – дауыссыз дыбыс.

Дамыту:

I тапсырма. Берілген сөзге ассоциация құру. Жіңішке буынды сөздердің астын сызу.

I топ. «Мектеп».

Мұғалім, ұстаз, білім, оқу, оқушы, сынып, баға, тақта, дәптер, сөмке, т.б.

II топ. «Әдебиет».

Ақын, жазушы, өлең, әңгіме, кейіпкер, шығарма, теңеу, портрет, роман, т.б.

III топ. «Тіл».

Тіл әлемі, ауызша тіл, лексика, фонетика, тіл мәдениеті, қазақ тілі, ана тілі, т.б.

II тапсырма. Оқулықпен жұмыс.

240-жаттығу. (ауызша орындалады).

Жұмбақты шешіп, дауысты дыбыстарды анықтау.

I топ. *Қамыс құлақ, тостаған тұяқ,*

Мінсең – қанат,

Сүті-дәрі,

Еті-тамақ. (Жылқы)

II топ. *Әкесі – тышқан,*

Шешесі – құстан. (Жарқанат)

III топ. *Ішіне тамақ салынған,*

Есігі тастай жабылған. (Тоңазытқыш)

241-жаттығу. (жазбаша)

I топ. Жіңішке буынды сөздерді теріп жазу.

(6 сөз)

Білу, сену, беру, ілу, кезу, көну.

II топ. Жуан буынды сөздерді теріп жазу. (8

сөз)

Ашу, қазу, қу, жолығу, сызушы, жу, қану.

III топ. Берілген сөздерге қосымша жалғап жазу.

Ашулы, білу, қазушы, сену, жазушы, қулық, беру, ілу, жолығу, кезуші, сызушы, жума, көну, қону.

III тапсырма. Деңгейлік тапсырма.

I топ. Көп нүктенің орнына дауысты дыбысты қойып көшіру.

От... н, ж... ніс, т..., бат... р, ард... гер, ерл... к.

II топ. Отан тақырыбына 3 мақал-мәтел жазу.
Дауысты дыбыстың астын сызу.

III топ. Шығармашылық жұмыс. «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбына мәтін құрастыру.

IV. Бекіту.

I топ. «А» дыбысынан басталып, осы дыбыстан аяқталатын 10 сөз жазу.

II топ. Дауысты дыбыстардан басталатын ұлттық спорт ойындарын жазу.

III топ. Орыс тілінен қазақ тілінің үндестік заңына бағынып енген сөздерді тауып жазу.

V. Үйге тапсырма. 242-жаттығу. Ережені жаттау. М.Мақатаевтың "Үш бақытым" өлеңіне сай "Менің бақытым" тақырыбына ой-толғау жазу.

VI. Бағалау. Оқушылардың еңбектерін бағалау. (Топ басшысы балаларды бағалайды).

Коучинг

А.ТҮНҒАТАРОВА,
Есір Айшуақұлы
атындағы орта мектебі.
Маңғыстау облысы,
Маңғыстау ауданы,
Жыңғылды ауылы

ТӘЛІМГЕР МЕН ТӘЛІП АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАС

| | |
|------------------|--|
| Жалпы мақсаты | Тәлімгерлік пен тәліп арасындағы қарым – қатынас жөнінде ұғым қалыптастыру. |
| Күтілетін нәтиже | Оқыту мен оқуда тәлімгер мен тәліп жөнінде білуді қажет екендігін түсіндіру. |
| Дерексөздер | МАН, Бейнежазба |
| Тапсырмалар | Топтық талқылау, сұрақтарға жауап беру, дәлелдеу, артистік шеберлік. |
| Ресурстар | Қима қағаздар, интер такта, маркер, флипчарт, қоржын. |

Сабақ бойынша коучинг пен мұғалімдердің іс-әрекеті

| Ұйымдастыру кезеңі | Коучтің іс-әрекеті | Мұғалімнің іс-әрекеті |
|--|--|---|
| Психологиялық ахуал орнату, топқа бөлу. Қызығушылықты ояту. | Мұғалімдер шаттық шеңберін орнатып, мұғалімдерді топқа бөледі. | Қатысушы әріптестер өз бойында ата-анадан қандай жақсы қасиет дарығаны туралы айтады. Қима қағаздар арқылы топқа |

| | | |
|-------------------------------|---|--|
| | | бөлінеді: адалдық, сенімдік, табандылық. «Адамгершілік – ардың ісі» деп өз ойларын айтады. |
| Мағынаны тану | «Миға шабуыл» әдісі. Бейнежазбаның бастапқы бөлігі көрсетіледі. Сол арқылы жетелеуші сұрақтар қойылып, әркімнің пікірлерін тыңдау. Бейнежазбаны аяқтау. | Әріптестер өз пікірімен салыстырады. Осыдан коучинг тақырыбы ашылады. |
| Тақырып бойынша мәлімет беру. | Қатысушыларға «Мұғалімге арналған нұсқаулық» тәлімгер мен тәліп арасындағы қатынас туралы түсінік беру. | Бетшелер таратылады. |
| Постермен жұмыс | 1. «Адамгершілік» тобына: Тәлімгер дегеніміз кім? 2. «Табандылық» тобына: Тәліп дегеніміз кім? 3. «Қайырымдылық» тобына: Тәлімгерлік үдерісі | Мұғалімдер берілген тақырып бойынша постер қорғайды. |

| | | |
|---------------|--|---|
| Сергіту сәті | Ортаға мұғалімдерді шақырады. | Қатысушылар сергіту сәтін орындайды. |
| Ой толғаныс | 1. «Адамгершілік» тобына: «Бес жолды өлең» әдісі. 2. «Табандылық» тобына: «Дыбыстар сөйлейді» әдісі. 3. «Қ а й ы р ы м д ы л ы қ» тобына: Венн диаграммасы | Қатысушы мұғалімдер берілген тапсырманы орындайды. |
| Кері байланыс | Бағдаршам бойынша қатысушыларға қызыл, сары, жасыл бетшелер таратылады. 1. Коучингтен алған әсерім? (жасыл) 2. Бүгінгі сабақта білгеніңнің ең маңыздысы? (сары) 3. Қандай нәрсе сәтті болған жоқ? (қызыл) | Мұғалімдер сабақтың өтілу барысын қызыл, сары, жасыл түстер арқылы бағалайды, жазады. |

ҚҰЛЖАБАЙ БИ БЕКҚҰЛЫҰЛЫ

Қазақ халқының орыс отаршылдығынан құтылуы үшін 30 жылдай уақыт (1773-1801 жылдары) күрескен ұлы күрескер Сырым бабаның сенімді серіктерінің бірі болған Құлжабай би Бекқұлыұлы парасатты басшы, ақылман аға, көреген көсем ретінде өз елін талай рет тағдыр соққысынан аман алып шықты, үнемі ел қамын жеп, оларды ұлт-азаттық көтеріліске көтерді. Сол кездегі білікті би ретінде мемлекеттік маңызды істерге үлкен жігермен араласты.

Тарихи құжаттарды бағамдасақ, Құлжабай би өзінің тұрғыластары Тұрмәмбет, Көккөз, Сегізбай билер сияқты пәтуалы сөзімен, берік билігімен қозғалыстың бүкіл барысына өзіндік ықпал еткен ардақты ақсақалдардың бірі болғандығына көңіл тоғайтамыз. Қазақ елінің азаттығы үшін көппен бірге ұлы істерге араласқан абзал азаматтың тұлғасы ерекше көрінеді.

1783-1797 жылдары отаршылдыққа қарсы көтерілген қазақ халқы Нұралы ханды отаршылармен сыбайлас деп түсінді. Олардың атынан орыс патшасына жазылған хатқа – “55-тің талапхатына” барлығы 55 батырлар, билер мен ақсақалдар қол қояды, бұл хат Кіші жүз ханы Нұралының тағдырын шешеді, ол хандықтан түсіріледі.

Көтерілісшілердің қозғалыстың алғашқы кезеңіндегі екінші бір ірі жеңісі – қазақтардың Жайық өзенінің оң жағалауына көшіп-қонуға рұқсат алуы еді. Патшаның

1756 жылғы жарлығымен әлгіндей өтуге тыйым салынған болатын. Өкімет орындарының жергілікті халыққа оң жағалауға еркін жүруге ризашылық берген 1787 жылғы 5 сәуірде құрастырылған құжатына сенсек, Құлжабай би Бекқұлұлына 3000 шаңырақ бағынды, бұл осындай рұқсат алған барлық 45 мың шаңырақтың саны жағынан үшінші орын алатындарының бірі еді “ең көбі – 10 мың, одан кейінгісі – 7 мың шаңырақ болатын). Бидің ауылы өз руластары Күрті ұлы Есенбай бидің (орысша құжатта “Курткин” делінген –А.Ә.) және Мыңдәулет батырдың ауылдарымен бірге (олардың әрқайсысында бір мың шаңырақтан болды) Гурьев қалашығына қарсы Ақтөбе шатқалын жоғары өрлеген аумақта көшіп-қона алатын болды.

Құлжабай бидің көтерілісшілер арасында беделді болғандығының дәлелі: ол 1785 жылдан кейін де көпшілік болып қабылдаған шешімдерге ризашылығын бүкіл ру атынан беріп отырды: 1792 жылы да, 1794 жылы да осылай болды.

Би көбінесе Сырым батырды қолдап жүрді. Бұл әсіресе, Ералының хандық таққа отыруына қазақтың игі жақсылары қарсы болған тұсында айқын аңғарылды.

Ресейдің патша өкіметі демократиялық сипатта болған 1789 жылғы Ұлы француз буржуазиялық революциясының ықпалынан қорқып, Кіші жүзде хан өкіметін қайта орнатуға ұмтылды. Самсаған әскердің және қоқан-лоқының күшімен Ералы Әбілқайырұлы 1791 жылы хан болып “сайланған-ды”. Сырым бастаған азғантай топ оған бірден-ақ қарсы болды. Зеңбіректен қорыққан көпшілік ағаман келісімін алғашқыда берсе де, кейін Сырым бастаған көтерілісшілердің ықпалымен Ералыға қарсы шыға бастады. Олар 1792 жылдың 10 маусымында Орынбор шекаралық істер

экспедициясына жолдаған хаттарында халық қалауын былайша жария етті: “...Егер патша ағзам Әбілқайыр әулетінен біреуді хан етіп сайлағысы келсе, біз оған қарсы болмас едік, бірақ біз, қырғыз-қайсақ (қазақ) жұрты, Ералының хан болғанына қарсымыз, себебі, ол жасының едәуірге келгеніне байланысты бұл орынға лайық емес. Сондықтан, Ералы жүз ішіндегі айтыс-тартысты, тағы да басқа толып жатқан істерді шешуге шамасы келмейді. Осы себептерден оған халық риза емес...” (“Казахско-русские отношения в XVIII-XIX в.в.(1771-1867 г.г.). (Сб. документов и материалов. А.-А., 1964, 135-137-беттер).

Хатқа қол қойған 14 ағаман (старшындар) өздерінің қалаған басқа бір адамын халықтың сайлап қоюына рұқсат берілуін талап етті. Кейіннен олар сұлтан Есентайды өздеріне хан сайлап алады. Аталмыш хатқа Шекті Сегізбай, Ысық Сұлтанбек, Шеркеш Тұрмәмбет, Беріш Бөдене билермен қатар Құлжабай би де өз мөрін соқты. 14 ағаманның бұл ісі Сырым тобының азайып қалғанына қарамастан батыл әрекеттерден бас тартпаған өжеттігін, табандылығын әйгілейді.

“14-тің” тобының мұндай ісі нәтижесіз кеткен жоқ, көпшілік бірте-бірте олардың жағына шыға берді. Сөйтіп, патшаға тағы да хат жазылып, Ералыны өзгерту талабы қойылғанда, яғни, 4-қаңтар 1794 жылы олардың қатары 200-ге жуықтады.

Аталмыш деректер Құлжабай бидің ел өміріндегі аса маңызды оқиғаларға белсене араласып, өзіндік үлес қосқандығына, жұртшылықтың лайықты құрметіне бөленіп келгендігіне меңзейді.

Құлжабай бидің ұрпақтары да оның өзі сияқты отаншыл азаматтар, білікті билер болып өсті. Құлжабайұлы Қалыбайдан туған жеті баланың ең

үлкені Масақбай да би атанды. 1824 жылы 3 қаңтарда Кіші жүз зиялылары Орынбордың генерал-губернаторы П.К.Эссеннен Жәңгір сұлтанды хан етіп бекітуді сұрап хат жазғанда ол өз мөрін басады (“Материалдар”, 461-бет).

Масақбай бидің төртінші інісі Қалмырзадан(Құлжабайұлы Қалыбайдың баласы) туған Дәден болыс(Қалмырзаның балалары Аймырза, Жолжан, Қауленнің інісі), би, батыр, әулие ретінде халық құрметіне ие болды.

Ал, Құлжабай бидің төртінші ұрпағы Бектұрлиев Байшығанның жерлесі Байжан Атағожиевпен бірге Атырау облысының Жылыой ауданы жерінде 1944 жылы неміс фашистерінің диверсант-десанттарына қарсы күресте жасаған ерлігі Республика Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына арналған мерекелік баяндамасында аталып өтті.

Атақты күрескер бидің, абзал азаматтың алтыншы бір ұрпағы Есенгелді Нұршаұлы Нұршаев Атырау облысы әкімінің орынбасары ретінде Отанына қызмет жасады.

Атырау облысының Жылыой ауданы мен Ақтөбе облысының Ойыл ауданында Құлжабай би ұрпақтары көптеп саналады.

Сырым бабаның ұлы күрестегі бір серігі Құлжабай би Бекқұлұлы, міне, осындай азамат, билікті би, білікті ел басшысы болған адам еді.

Қазақ хандығына -550 жыл

Б.ҚИНАЯТОВА,
Мәдениет орта мектебі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Айыртау ауданы

ЕРКІН ЕЛДІҢ БАТЫРЛАРЫ - КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕК

Музыка ойнайды (Қобыздың зарлы үні.
Қорқыттың күйі естіледі).

Көрініс (Жас сарбаз қылышын қайрап отыр.
Қасына Жәнібек келеді. Жас сарбаз Жәнібекке
иіле сәлем береді.

Сарбаз: - Армысың, аға!

Жәнібек: - Бармысың, сарбаз. Бұл не жападан
жалғыз отырғаның? Тоқта, әлде ертеңгі ауыр
шайқастан қорқып отырсың ба, өлім бе сенің
қаймыққаның?

Сарбаз: - Жоқ, жооқ, жоқ ол не дегеніңіз! Тек
толғанып отырмын.

Жәнібек: - Неге толғанасың?

Сарбаз: - Ел-жұртым мені «ел қорға» деп,
үлкен сенім артып, ақ батасын беріп, мынадай
«қылышын көрсетіп» атадан қалған алмас
қылышын беріп, жауға аттандырды. Елімнің сол
үлкен сенімін қалай ақтаймын деп толғанамын.

Әйтпесе, маған өлімнен қорқуға болмайды.

Жәнібек: - Бауырым, неге саған өлімнен қорқуға болмайды?

Сарбаз: - Өйткені менің атым ерекше ат.

Жәнібек: - Елден ерек ол не қылған ат?

Сарбаз: - Менің есімім-Жаужүрек. Бұл есім ерекше рух, ерекше күш, батылдық пен ержүректік белгісі,-деуші еді атам.

(Осы кезде сахнаға қасында екі сарбазы бар Керей келеді)

Жәнібек: - Керей, елімізді қорғап тәуелсіздігімізді аңсаған ер-азаматтар ат жалын тартып, бес қаруын сайлап дайын отыр. Тек өзіңнің қолды бастап жүруіңді ел тілеуде.

Керей: - Уа, халайық, Ата-бабамыздан мұра болып қалған Ақ Орда сынды іргелі еліміз бар. Сол ордаға мен кереге болып қаланып, баһадүрлерім уық болып шаншылса, Орда Ежен бабамыздан бергі қаншама жылдар бойы Ақ Орданың туы жығылып па сірә! Жығылған жоқ. Қайта кешегі Барақ аталарымыздың кезінде қанатымыз кеңге жайылып, шаңырағымыз биіктей түскен жоқ па!?

Жәнібек: - Бүгін міне, бабамыз Ұрыс ханның ырысын асырып, кешегі көк түріктің кіндік кесіп, қаны тамған жер жұмағы Жетісуда

шаңырақ көтеріп іргелі ел болдық.

Ендігі мақсат-баба туын берік ұстап, елімізді, жерімізді қанды ауыз жау қолынан аман алып қалу. Басымызға әңгір-таяқ ойнатып, елді тоздырған, ерді аздырып, қатын-баланың көз жасына қалған жау да өз сыбағасын алар.

Керей: *(күрсінеді де)* - Иә, амалсыздан жайлы қонысымызды тастауға мәжбүр болдық қой.

Жәнібек: - Өзен жағасыз, ел ағасыз болмайды. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, топтасқан ел боламыз десек, өз хандығымызды сайлап алғанымыз дұрыс.

Халық: - Ел ағаларының ұйғарымы біреу, ол- Керей. Керей хан болуға лайықты. *(Батырлар шулайды)*

- Керей, Керей, Керей хан.

(Жігіттер Керейді таққа әкеліп отырғызады. Хан рубасылармен төс түйістіріп құшақтасады. Осы сәтте домбырадан күй орындалады.)

Құрманғазының «Адай» күйі орындалады.

Керей: - Уа, халқым, елім-жұртым, ниеттеріңе ризамын. Сендерге қорған бола алмасам маған серт. Айтқаным ере алмасаң, саған серт. Уағда осы!

Жәнібек: - Хан тәжі-басыңа қонған бақыт

емес, мойнына жүк түсірер бейнет. Керейге, халыққа қарап: - Керей бас болып, біз қосшы болсақ қабырғасы қаланған Қазақ хандығының берекесі біздің қолымызда, еңселі елім-жұртым.

Сарбаз: - Бір елге біреу басшы болады, қалғаны қосшы болады, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығармаса елде береке-бірлік болмайды. Ханды халық сайлайды, ал халыққа қалаулыны жария ететін мына біздер.

Батыр: - Ошағымыздың күлі шашылып, ұлымыз құл, қызымыз күннің кебін кимей тұрғанда намысымызды қайрап, жауды жерімізден қуу-ер азаматтың абыройлы ісі емес пе?

Керей: - Өзің жас та болсаң жүрегің қайратты екен. Көзіңнен жалындаған оттың ұшқынын көремін. Сен секілді қыран ұлдар, жүректі жігіттер тұрғанда ел тыныш, алаңсыз ұйықтауға болады екен. Самсап келген жауға қарсы тұрар елімнің рухы мықты, тәні бекем көрінеді.

Жәнібек: - Қазақ халқының тағдыры найзаның ұшында, қылыштың жүзінде тұрғанда Алла абыройымызды асқақтатсын.

Керей: - Ал, батырларым, не тұрыс, жолға шығайық!

Сарбаз: - Бүгінгі сәтті күні ақкиізге көтеріп сайлаған ханымыз, Кенекем, қайда жол тартамыз?

Керей: - Еділден бергі аймақ Қазақ хандығының құзырына өткен.

Жәнібек: - Жайықтың жағасына жетпей тоқтамаймыз.

Керей: -Уа, халқым-жұртым, Сарайшық деген шаһарды естіп пе едіңдер?!

- Әрине білеміз,білеміз.

Керей: - Бүгін Сарайшық шаһарына қонамыз. Бұрын Алтын Орда хандарының жазғы Ордасы болса, енді сол шаһар Қазақ хандығының батыстағы астанасы болады.

Сарбаз: - Ақ Орданың нағыз мұрагері, мына біздер, «Қазақтар»

Жәнібек күліп: - Несі бар. Қазақ десе қазақтар ақ боламыз, көшпелі қазақ халқы ежелден еркіндік іздеп, кең даланы аңсаған адамдарды «қазақ» деп атамаушы ма еді! Біз де еркіндік іздеген елміз. Қазақ хандығы. Қазақ Ордасы.

Керей орнынан тұрып: - Ендеше не тұрыс, ат-айылдарымызды тартып, бес қаруымызды сайлап, намысымызды серікетіп, Қазақ хандығы, Қазақ Ордабасы атанған киелі жерімізді

қорғауға мен дайынмын. Сенімді серігім етіп
Жәнібек бауырымды, елім деп еңіреген рухы
мықты, елдігі күшті қазақ жігіттерін таңдадым.
О дүниеге аттанған қасиетті бабаларымның,
қанды көйлек достарым, кешегі Сары Баян,
Шапырашты Қарасай мен Арғын Ағынтай
сынды батырларымның аруағы желеп-жебеп
жүрсін, батаңызды беріңіз, Абыз ата.

Қария: -Басқа бақ жарасады,
Нағыз туған асыл ер,
Батырға бес қару жарасады.
Қанша қасірет көрсе де
Аталы елден хан тұрса,
Қайғыланып аһ ұрмайды.
Халықтың пайдасына жарасады

Қасиетті хан ием, аруақты бабаларымның
рухы өзінді қолдап, елің мен жеріңе қорған
бол, әумин,- деп барлық қатысушылар бетін
сипайды.

Бекболат Тілеухановтың «Елім менің» әні
орындалады.

Қатысушылар қолдарынан ұстап, осы әнді
бірге айтады.

**Н.БЕРДІҒАЛИЕВА,
С.Бәйішев атындағы
облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасы.
Ақтөбе қаласы**

ӘР ӨЛЕҢІ БІР ӘЛЕМ

*Жүрегін ыза, кек кернеп,
Жазған жырын Абайдың
Оқысам ойым көкке өрлеп,
Үңіле түсіп қараймын –*

деп, жерлес ақынымыз Сағи Жиенбаев жырлағандай Абай Құнанбайұлының шығармаларын насихаттау мақсатында Ақтөбе облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен Сақтаған Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы 2012 жылдан «Абай әлемі» бағдарламасы аясында жұмыс істеп келеді. Сондықтан да ақынның өмір мектебіне аз ғана тоқталып өтсек.

1845 жылдың 10 тамыз күні осы күнгі Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты руының ішінде аға сұлтан Құнанбайдың 41 жасында қара шаңырағында

дүниеге келген. Ақынның өз шешесі - Ұлжан. Құнанбай 4 әйел алған. Үлкені - Күңке. Одан - Құдайберді туған. Екінші әйелі - Ұлжан. Ол Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық екен. Інісі қайтыс болған соң келінін алған. Ұлжаннан туған балалары - Тәңірберді, Абай (Ибраһим), Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі - Айғыз. Одан Қалиолла, Ысмағұл деген балалар болған. Төртінші әйелі – Нұрғаным. Бұдан бала болмаған. «Атадан алтау, анадан төртеу» дейтін Абай өлеңінің мәнісі осы. Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып тұрған Абайдың балалық шағында екі шешеге бірдей бала болып жүргендіктен, сол кездегі үлкендері Абайға «Телғара» деп ат қойған. Кейін Абай ер жеткен уақытта да жеңгелері «Телғара» атап кеткен. Абайға ақындық шешесі Ұлжаннан, әжесі Зеренің айтқан ертегі, дастандарынан қазақтың бай әдебиеті мен шешендік сөздерінен дарыған. Ұлжанның әкесімен бірге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай қалжыңымен даңқы жайылған, белгілі мысқылшыл, тапқыш күлдіргілер болған. Тонтай өлерінде маңайына жиылып келіп отырған қожа-молдаларға қарап: «Жазыла-жазыла қожа-молдалардан ұят болды, енді

өлмесек болмас» деп айтты деген сөз екінің бірі білетін мәтелге айналып кеткен. Осындай тапқыштық және біреудің мінін ащы тілмен қатты түйрегіштік нағашысы жағынан Абайға да мол келген. Абай жоғарыда айтқандай екі шешенің тел баласы болып жүрген, кішкене кезінде сырт мінез жағынан аңқау, нағыш және тентектеу де болған. Бірақ сол кішкене күнінде өзге балалардан ерекше жері, үйге қонған қонақтың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдай білген.

Абай 10 жасына дейін ауылда өсіп, елдегі молдадан оқыды. 10 жасқа келгенде оны әкесі Семей қаласына әкеліп, медресеге оқуға береді. Онда араб, парсы тілінде білім алып, 3 жыл оқиды. Медреседе оқып жүрген уақытта Абай Семей қаласындағы «Приходская школаға» түсіп, орысша да оқиды. Оқуда бала Абай өзі тұстас үлкен-кіші балалардың барлығынан сонағұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітапты молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін кітапқа қарамай жатқа айтып шыға алатындай зерек болған. Дәріс үстінде оқылатын сабақтарды

ұғып білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай тиген. Көп уақытын алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытын Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады. Сол бала күнінде жаттаған кейбір өлеңдері ұлғайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмай, бас-аяғы 3-ақ ай оқумен бітеді. Мұсылманша оқуы да 3 жылмен тәмам болады. 13 жасқа келгенде әкесі Абайды оқудан шығарып алады. Міне осыдан бастап, бала Абайдан - Хакім Абайға дейінгі дара жолы басталады. Сондықтан да жастайынан ел ісіне араласып, үлкен өмір мектебінен өтіп:

*Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаңшы, бос қақпай елең-селең.*

Және де

*Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.*

*Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы,*

деп тамаша жыр жолдарын қалдырды.

Абай мектебі Мағжан Жұмабаев, Бернияз

Күлеев, Шәңгерей Бөкеев, Шәкәрім Құдайбердіұлы лирикасында, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Ғұмар Қараш, Халел Досмұханбетов, Мұхаммеджан Сералиндердің саяси-ғылыми көсемсөздерінде, Сұлмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларында жаңа ұлттық-эстетикалық әлем болып қалыптасқан. Абай орыс тілі арқылы Байрон, Гете, Шиллер, Леса́ж, Дюма, Мицкевичтерді зерделеп, қазақша сөйлетуге тырысты. Тіпті көне Грек, ежелгі Рим дәуірлеріне тереңдеп, Аристотель мен Сократтан бастап, Спинова мен Спенсерге дейінгі аса көрнекті ойшылдарды зерттеп, Дарвинді ақтарып, жаратылыстану жетістіктерімен танысты, Нью-Йорк университетінің профессоры Джон Уильям Дрэпердің еңбектеріне ден қойып Еуропаның ақыл-ой дамуының тарихымен қанықты. Сезімтал ақын, сергек ойшыл ғұлама бала кезінен таныс араб, парсы тіліндегі кітаптарды қайта қарап, Шығыс поэзиясына жаңаша баға берді. Әсіресе, Табари, Рабғузи, Рашид-әл-Дин, Бабыр, Әбілғазы еңбектеріне ерекше зейін қойды. Абай ұлттық болмысты төл мұраларымызға да көңіл бөлді.

Атап айтқанда, Қорқыт, Асан Қайғы, Аталық, Сыпыра жыраулар, Қодан тайшы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Марғасқа, Жиёмбет ақындар жырларындағы уайым мен жігер, Бұқар, Төле, Қазыбек, Әйтеке өсиеттеріндегі өміршілдік Абай дүниетанымын кеңейте түсті.

Батыс пен шығыс ғұламаларын, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды сараптай келе дана Хакім артына мәңгі өшпес мұра болған «Қара сөздерін» жазып қалдырды.

Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Өз халқына болсын, өссін, өнсін дейтін әрбір азамат әуелі Абайды оқысын, Абайға құлақ ассын. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас темірқазық іспетті» - деген болатын.

Қазірде, Абайсыз қазақ мәдениеті, философиясы туралы сөз айту мүмкін емес. Сондықтан Абайды тану-қазақты тану деп білеміз.

Биыл Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын басшылыққа ала отырып, ұлттық рухымызды мәңгі есте

сақтау мақсатында Абай Құнанбайұлының туылғанына 172 жыл толуына орай 19-23 тамыз аралығындағы «Мен Абайды оқимын!» атты ағартушылық-поэзиялық акциясына қатысты үлкен іс-шаралар өткізді.

Алғашқы шара Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, облыстық кітапханалардың ұйымдастыруымен Абай бульварында «Мен Абайды оқимын!» атты акциясының ашылуымен басталды. Акция аясында «Әр өлеңі бір әлем» атты иллюстрациялық кітап көрмесі ұйымдастырылды. Келесі шара «Абай өсиеті – ұрпаққа аманат» атты қара сөздерін мәнерлеп оқу сағатымен жалғасты. Кеш «Абай қара сөздерінің мағынасы» атты баяндама оқумен басталды. Өз баяндамасында кітапхана қызметкері Алтынай Рахымова түсінікке ауыр деп қабылданатын Абайдың «Отыз сегізінші» қара сөзін талдады. Осы қара сөздері жөнінде Ахмет Байтұрсынов: «Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін ойланып, дағдыланған адамға болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Сондықтан да Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне

ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Абай сөздері дүниеде қалғаны – қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жол сілтеген кісілерге, сілтеген жолды лақпай, тұп-тура тапқан адамға да, қазақ балалары талай алғыс берер» - деген болатын. Енді «Отыз сегізінші» қара сөзіне тоқталар болсақ. Атап айтқанда, «1899-1902 жж. дүниеге келген теологиялық трактат, оған Абайдың өзі қойған төл аты - «Ғақлиат-тасдиқат» (Мүрсейіт көшірмесінде қысқа түрде «Тасдиқ» делінген) еді. Аталмыш даналық шығарма қазіргі «38-қара сөз» деген бүркеншік атауды 1933 жылы алды. Қайтіп? Оған себепкер қылышынан қан тамған қызыл идеология. Дін исі аңқыған трактатты тасқа басу жалаң аяқ шоқ басумен бір еді. Әйтсе де, ғұлама М.О.Әуезов «Тасдиқты» өзге ғақлиялар арасына тықпалап жариялап-ақ жіберді. Дана Абай ақыл-ойын сарқа жұмсаған ғажайып туынды осылайша бүгінгі күнге аман жетті.

Ол туралы шарамыздың қонағы ҚМДБ Жастар ісі бөлімінің Ақтөбе облысы бойынша өкілі Асылхан Темірханов: «Абай атамыздың

әрбір айтқан сөзі-қазақ жастары үшін тәрбиелік маңызы зор өсиет. Әсіресе, «Отыз сегізінші» қара сөзінде қазақ жастарына дін мен дүмше молдалардың арасын толық ашып көрсеткен. Абай-ақын, ағартушы, аудармашы ғана емес. Абай - теолог, дін маманы болған. Бұл шара дін қызметкерлері мен теологтар арасында да өткізілетін игілікті іс-шара болды» - деп өз ойын білдірген болатын. Ендеше, «Отыз сегізінші» қара сөзін толықтыра кетер болсақ: Хакім Абай «Бәлки ғадаләт барша ізгіліктің анасы дүр» деп ой бөлісе келе, кәміл адам орнына барша адамзатқа ортақ жаңаша бейне - «әділетті адам» идеалын ұсынады. Абай Алла тағала – Өзі әділет-шафғат иесі, олай болса, пендесінде әділет сезімді бар қылып жаратуы заңды. Осы ақиқатты қауымға жеткізу үшін «Құдай әділ адамдарды сүйеді», «Құдай иман келтірген және жақсылық жасағандарды сүйеді» деген аяттарға мұсылман жамағаты назарын аударып, түп-тура осы аяттарға «Құран іші толы» дейді. Дәлелге пайғамбарымыз (с.ғ.с.)-нің: «Кімде кімнің әділеті жоқ болса, оның иманы жоқ» деген хадис шарифін де келтіреді. Онан соң: «Ғадаләтті адамның көңіліне келеді» деп басталатын ұзын сөйлемінде бұл идеалдың

ерекшелігін ұқтырады.

Тұжыра келгенде, діннің түпкі мәні, мазмұны – махаббат, әділет және ғылымды азық қылу. Осы үшеуге шақырған аяттарға Құранның іші толы. Ләкін, оларға «ешкімнің ықыласы, көңілі мен ғылымы жетіп құптағанын көргеніміз жоқ» (38-сөз), - дейді Абай. Өзіміз де куәміз, жат пиғылды ағым өкілдері Құраннан «жиһад», «шахид» және «кәпір» терминдерін теріп алып, соны идеологиялық қайнар қылуда. Және «аят-хадисті ақылға салма» деседі. Білім-ғылым тақырыбы Құранда да (ғылым жайлы 700-ге тақау аят бар), Абай мұрасында адасқан діни ағымға иман қылған, яки соқыр сенімдегі жастарға Хакім Абай: «Адамға халінше ихсанды болмақ-қарыз іс. Бірақ, өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес. Моллалар тұра тұрсын, хұсусан (әсіресе), бұл заманның ишандарына бек сақ болыңдар. Олар – фитнә (бұзық) ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Бұлардың сүйенгені надандар, сөйлегені-жалған, дәлелдері тасбиығы менен шалмалары, одан басқа ешнәрсе жоқ» - деп ескерткен болатын. Жалпы, Абайдың теолог екендігіне тағы бір дәлел, замандасы Көкбай ақынның естелігінде: «Абай діншіл еді. Бірақ

діншілдігі молда-қожа айтып жүрген сыртқы сопы, діншілдік емес-ті. Бергі жерлердегі кітап сөзі, молда сөзі, шарифат жолы дегеннің барлығына сынап қарап, діннің негізін, мақсат бағытын ғана алып, соны хақиқат діні деп қолданған. Онан соң жалпы мұсылманшылық жолындағы ғұламалар жазған, ірі сөздердің көбін білетін, үлкен молдалардың қайсысымен де тең дәрежеде еді, сондықтан да Семейге барған уақыттарында Семейдің Камали хазіреті сияқты үлкен молдаларымен мәжіліс құратын. Осындай мәжіліс арқылы Абайдың дін мәселесіне әбден көз жеткізген соң бұл кісіні өз заманының ғұламасы санаған. Сондықтан да, бір жылдары Семейге миссионер Сергей деген кісі келіп: «Мұсылман дінін қорғаушы молда болса, сөйлесемін» деп іздегенде Семей қаласындағы молда, хазіреттер араларынан бірауыздан Абайды сайлап шығарады. Сол сапар туралы Абай «Сергей дін жайынан аз сөйлесті де, жалпы ғылыми әңгімеге түсіп кетті» деді. Тағы бір есімде қалғаны, Абаймен дауласқысы келген поптарға Сергей: «Сендер қойыңдар, Ыбырайым Құнанбаевич сендердің тісің бататын кісі емес деп тоқтатқан» деп еске алады. Олай болса, Абайдың діні деген

таусылмайтын терең тақырып. Біздің көзіміз жеткен екі анық бар: біріншісі – Абайдың діни көзқарастары бүгінгі жаһандану дәуірінде адастырмас бағдаршам есепті. Олар зайырлы қоғамға ауадай қажетті сенушілік пен жаңаша діндарлықтың іргетасы. Екіншісі – М.Әуезов паш еткен: «Абайдың діні – сыншыл ақылдың, адамгершіліктің діні» деген тұғырлы тұжырым ешқашанда ескірмек емес.

Міне, біздің негізгі мақсатымыз жастар санасына аз да болса әсер ету, жақсылықты жеткізу. Қазіргі таңда дінді түсіну қиынға соғуда. Әсіресе, жастар арасында дәстүрлі діни танымынан ауытқып, дәстүрден алшақтап, өз тарихы мен мәдениетін терістеу «бидғат», «ширк» деген сөздерді жиі естиміз. Діни танымды анықтайтындар әрине – жастар. Жастар дінге бет бұрып жатса, адаспас түзу жол сілтеу. Сондықтан да шарада зейнеткер, кітапхана оқырманы Сәлім Жалмұхамбетов ағамыз жас ұрпаққа Хакім Абай туралы лебізін білдіріп, ақынның қара сөздерінің ұрпақ тәрбиелеудегі маңызды рөл атқаратыны жөнінде айта келіп, «Абай туралы келешек ұрпақ әлі де тың деректерді іздестіруі тиіс, өйткені, атадан қалған алтын мұраны жарыққа шығару парыз

деп санаймын» - деп өз ойын білдірді. Одан әрі кітапхана қызметкерлері Жамал Жұмагереева Абайдың «Отыз жетінші» қара сөзін оқыды.

Шарамыз «Әр өлеңі бір әлем» атты суретті кітап көрмесі танымдық сағатымен өз мәресіне жетті. Таным сағаты «Абай өлеңдеріндегі имани гүл ұғымы» тақырыбындағы жасалған баяндамамен басталды. Одан әрі, Абай өлеңдері, поэмасы, аудармаларын оқумен жалғасты. Атап айтқанда, кітапхана қызметкері Жамал Жұмагереева «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңін жатқа айтып, Абайдың Пушкиннен аударған «Татьянаның Онегинге жазған хатын» оқыса, Ақтөбе Авто Жол колледжінің студенті Қанат Жетпісбаев «Онегиннің Татьянаға жауабын» және «Ескендір» поэмасын, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңін мәнерлеп жеткізе білсе, Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Мемлекеттік Университетінің студенті Рахметолла Жұбаналин «Жігіттер, ойын-арзан, күлкі-қымбат» өлеңін және «Жетінші қара сөзін» мәнерлеп оқып, «Абай мұраларын оқиық» атты өз жырын домбырамен жеткізді. Ал кітапханамыздың тұрақты оқырманы зейнеткер Сәлім Жалмұхамбетов Абай өлеңдерінің

ерекшеліктеріне тоқталып өтіп, осы шараға тарту ретінде Құрманғазының «Кісен ашқан» атты күйін орындап берді. Шара барысында оқырман қауымына автоматтандыру бөлімінің қызметкерлері «Абай мұрасы – ұлт қазынасы» атты виртуалды буктрейлер ұсынды. Және осы өткізілген шарада кітапхана қызметкері Нұрлыгүл Орынқызы Абай Құнанбайұлының өмірбаяны мен шығармашылығы туралы мәлімет беріп, «Әр өлеңі бір әлем» атты кітап көрмеге библиографиялық шолу жасады.

«Абай мұраларын оқу» танымдық сағаты ақынның «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» әндерін оқырмандармен қосылып айтумен аяқталды. Кеш соңында сөз алған кітапхана директоры Несібелі Сағынбайқызы қатысушыларға алғыс айтып, Абай шығармашылығына арналған барлық шараларға қатысып, өз ойын білдіргені үшін кітапханамыздың тұрақты оқырманы, зейнеткер Сәлім Жалмұхамбетовке кітапты сыйға тарту етті. Енді айта кетерлігі, Абай әлемін әлемге таныту жолында Ақтөбеліктердің де қосқан үлесі зор болды. Абай өлеңдері ақын, композиторлардың шығармаларында, Абайтанушылардың өмірлерінде кең орын

алды. Атап айтқанда, Ахмет Жұбанов музыка саласында «Абай» операсын жазып, «Абай әндері халықтық негізден нәр алғандықтан, халық әндерімен тамырласып жатыр» деп баға берсе, қызы Ғазиза Жұбанова әкесінің жолын жалғастырып, Абайдың «Есіңде бар ма жас күнің» өлеңінің музыкасын нотаға түсірді. Ал, Құдайберген Жұбанов «Абай қазақ әдебиетінің классигі» деп зор баға берген болатын. Бұл жолда ақындарымыз да, Хакімге деген өз сезімдерін қылқаламмен шебер жеткізе білген. Қуандық Шаңғытбаевтың «Абай мен Шоқан ескерткіштері алдында»:

*Абай аға, от өзегі ойран боп,
Опырылып олқын құрдым ойдан көп,
Түңдей тұнып тұрды ма екен бұл жерде
Асау ағыс арынына қайран боп? ...*

М.Құрманалиннің «Абай ескерткіші жанында»:

*Күн санап мәртебесі биіктеген
Сом тұлға секілді бір сүйікті өлең,
Ақындық рухына басымды иіп,
Ғұмыры сүйе берем, сүйіп келем... –*
өлеңдерін ерекше атап өтуге болады.

М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина университетінің

«Әлеуметтік-саяси пәндер» кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒҒА-ның академигі Абайтанушы Алтай Тайжановтың «Танымдық тағылымы» кітабындағы айтылған: «Абай – адамзаттың ғұмыр бойы игеріп, түйсіне түсінетін тұтасқан бір ғажайып әлемі» деген пікірі Хакім Абайға берген зор баға деп білеміз.

Ендеше,

Мен де оның жазған жырларын,

Жатамын күнде жастанып.

Ұғынып шындық сырларын,

Кетеді көзден жас та ағып -

деп ақын Бәкір Тәжібаев «Абай жыры» өлеңінде жырлағандай Хакім мұралары қазақ жастарының жастана жатып оқитын шындық сырлары бола білсін деп тілеймін! Абай өлеңі – адамгершілік мәні, Абай әні - әуеніміздің сәні, Абай қара сөздері – бетке ұстар құбыла бағытымыздың мәңгі өшпес, жақсылыққа жол сілтеп тұратын адастырмас Темірқазығымыз болсын!

А.ҮМІТБАЕВА,
«Н.Островский атындағы
№4 Күршім орта мектебі» КММ.
Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы,
Күршім ауылы

**«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-
ЭПОПЕЯСЫНЫҢ «ҚАТ-ҚАБАТТА»
ТАРАУЫ БОЙЫНША ТЕСТ
СҰРАҚТАРЫ**

1. *Үйде Бәсей мен Сүйіндіктен басқа Түсіп бар. Кесек мұрынды, шоқша сақал, зор дауысты Түсіп Жігітектің Бәсейден соңғы басты адамының бірі болатын. Үзіндіде қандай көркемдеуіш тәсіл қолданылған?*

А) пейзаж; ә) **портрет**; б) кейіптеу.

2. *Барлық үлкен-кіші Зерені «кәрі әжең» дегендіктен да соңғы жылдары күндесін осылайша атайтын боп еді. Үзіндіде айтылған кейіпкерді тап.*

А) **Таңшолпан**; ә) Айғыз; б) Ұлжан.

3. *Құнанбай күлгенге үй ішіндегі әйелдердің бәрі күлді. Ұзын бойлы, қара сұр, ашаң жүзді*
.....

А) Ұлжан; ә) Айғыз; б) **Күңке**.

4. *Осы абысын, жеңге, келін атаулының бір машығы-жылына екі мезгіл Құнанбай үйлеріне... әкелуші еді. Бір ... көктемде. Қыстай қыдырып араласа алмай жүрсе, жазғытұры ең алғаш сыбайлас қонғанда Зере отырған үлкен үйден бастап осы Күңкенің үйіне де бір-бір келеді. Қыстан сақтап шыққан сұрлерін әкеледі. Екінші рет, қазіргідей қыстау-қыстауға айырыла көшерде әкелетін. Үзіндіде қандай дәстүр суреттелген?*

А) бастаңғы; ә) **сыбаға**; б) құда түсу.

5. *Құнанбай-өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы. Қара шаңырақ иесі. Қалың дәулет пен әмір, билік иесі. Жасқа да көп туысынан өзі үлкен. Сол себепті, үлкен әкесі Ырғызбайдан тараған осы мына жиырма ауылдың мынандай топтарының ішінен бірде-бір жан әлі күнге Құнанбайдың алдынан көлденең шығып көрген емес. Тіпті, өкпе-назы болса да, ашып-жарып айта алмайтын. Ал, бірақ Құнанбай сойыл соғарды, қол қимылды, тізе мен ызғарды керек қылған жер болса, бұл қауымның іркілетін бірі жоқ. Шоқтай жиынмықты топ. Жер лауда, ел алуда, оңайдан мал табуда бұлар Құнанбайдың қабағын қалт*

еткізбей түсінеді. Неше қабат, бәйбіше-тоқал боп жатқанмен, Құнанбай бұлардың араларындағы араздық болса, лезде жойып отырады. Араздық ұстағанын әлденеше рет пайдадан, олжадан қалдырып, жазалап отырып, өз ырқына көндіреді.

Өзара бірлігі- табыс екенін жете танытқан. Соны ұққалы осы Ырғызбай шетінен бай боп алды.

Үзіндіде қолданылған көркемдеуіш тәсіл?

А) пейзаж; ә) **портрет**; б) кейіптеу.

6. Сияз болатынын айтып Құнанбайдың атшабарлары кімнің үйіне келеді?

А) Үркімбай; ә) Жексен; б) **Бөжей**.

7. *Осының ертеніңде күн райы өзгеше бұзылып, қыс ызғары біліне бастады. Шыңғыстан аса соғатын қатты жел бар. Көктемде бұл жел игілік желі. Қарды қағып, бөктер мен шиді қарайтып кететін жел. Қыстыгүні де Шыңғыс желі шаруаның досы. Тау ішімен бөктерде бір жұмадай, он күндей үзілмей соққанда, қыс қысталаңын сейілтпін, мал жайылысын кеңейтіп, шаруаның арқасын жазып кететін.*

А) портрет; ә) **пейзаж**; б) кейіптеу.

8.қыстауы қозы өрісіндей жерде тұр.

Қораға кірген екен. Мүржелерінен сары қидың түтіні бықси, шалқып шығып жатыр. Қораның айналасында, мұнда да нөпір көп екен. Бірақ жаяу жүргендер. Дәл қораның өз жанында, сай тұрған аттар бірен-саран ғана. Құнанбай тез байқады. Ерттеулі аттың барлығы қыстаудан жоғары, төмен созылған тоғайдың қалың шабындының бойында өрелеулі жүр екен.

А) **Бөжей**; ә) Құдайберді; б) Сүйіндік.

9. Шыңғыстың қара желі өзге уақыттың бәрінде жақсы болғанмен, дәл күздігүні жайсыз-ақ. Күнді суытып, аспанды сұрлантып келеді. Бүгін қара жел басталысымен, қиыршықтап қар да түсе бастады. Биылғы жылдың ең алғашқы қары осы.

А) портрет; ә) **пейзаж**; б) кейіптеу.

10. Құнанбайдың шешесі-

А) Таңшолпан; ә) Ұлжан; б) **Зере**.

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж** **Қуәлігі** берілген.

Басуға 05.10.2017 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №10, 2017 ж., 144 бет, Алматы.